



Ауғанстан әлеуеті: АЙМАҚТАҒЫ ЖАҢА БӘСЕКЕЛЕС

3



«ҚАЗПОШТА»

өз мамандарына жағдай жасай алмаса, халыққа көрсетілер қызмет сапасын қалай көтермек?

6



ОРАМАЛ

әйелдің болмысын толықтырып тұратын көркі, ары мен сәні, әдемілік символы

7

Мемлекеттің экономикаға араласуын шектеу:

ҚАЗАҚЫ ЛИБЕРАЛИЗАЦИЯ

қай бағытта жүруі тиіс?

Мемлекет басшысының қатысуымен өткен жаңадан жасақталған Үкіметтің кеңейтілген отырысында ескі құрамның жұмысына баға беріліп, жаңа Үкіметке қордаланған мәселелерге байланысты тиісті шаралар қабылдау тапсырылғаны белгілі. Алдағы міндет – экономикалық өсімді 450 млрд долларға жеткізу. Ауқымды мақсатқа жету үшін Президент бірнеше міндеттер қойды. Олардың ішінде, әсіресе, экономиканы ырықтандыру (либерализация) мәселесі бойынша елімізде Алматы қаласының алар орны ерекше. Алып мегаполис шағын және орта бизнесті ашуға мол мүмкіндік беретін қала.

БАСТЫ КЕДЕРГІ – ЖЕМҚОРЛЫҚ

Мемлекет басшысы Үкіметке бір ай ішінде экономиканы ырықтандыру туралы Жарлықты әзірлеуді тапсырды. Қатардағы азаматтың тілімен айтқанда, «мемлекеттің экономикаға араласуын шектеу керек» деді Президент.



Көз алдыңызға елестетіңізші. Сіз жеке кәсіп ашқыңыз келеді. Қағазбастылыққа тап болып, шенеуніктердің есігін жағалап жүруіңізге тура келеді. Мейлі, мұның бәрін өтіп, кәсіп аштыңыз. Бірақ түрлі сылтаумен тексеріс келуі әбден мүмкін. Міне, осындай жолыңызда кезігуі мүмкін кедергілерді алып тастау үшін экономиканы либерализациялау қажет.

Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

2

Almaty

AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №14 (6465) 20 ақпан, сейсенбі, 2024 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

АЛМАТЫ АГЛОМЕРАЦИЯСЫ:

Даму перспективалары талқыланды



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

Алматы және Алматы облыстарының әкімдері Алматы агломерациясын дамыту аясында бірқатар жобаларды жүзеге асырмақ.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев пен Алматы облысының әкімі Марат Сұлтангазиев Алматы агломерациясының жергілікті кеңесінің үшінші отырысын өткізді. Кездесу барысында Алматы қаласының қала маңындағы аймағын қала құрылысын жоспарлаудың Кешенді сызбасын өзектендіру, Алматы аумағынан өнеркәсіптік объектілерді шығару және

«Солтүстік» көлік-ауысып отыру торабын (КАТ) салу мәселелері қаралды.

Алматы қаласының басшысы Ерболат Досаев атап өткендей, Алматы агломерациясындағы халық саны өсуінің жоғары қарқынын ескере отырып, Алматының қала маңындағы аумақтарында қала құрылысын жоспарлаудың Кешенді сызбасы басты құжат болып табылады.

4

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

20.02.2024

Түнде:

-17-19 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:

-7-9 °C
Көшпелі бұлтты,
кей уақытта аздаған қар.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

21.02.2024

Түнде:

-16-18 °C
Көшпелі бұлтты,
кей уақытта қар.

Күндіз:

-6-8 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

www.almaty-akshamy.kz





ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

Халықаралық қауіпсіздік мәселесі бүгінде күрмеуі қиын, ортақ мәмілеге келуде ауқымды кедергілерге кезігетін салаға айналды. Себебі де айқын. Халықаралық қауіпсіздік, біріншіден, ұлттық мүдденің тайталасқа түсер алаңы. Соңғы жарты ғасырда жаһандық қауіпсіздік мәселелерін «дөңгелек үстел» аясында талқылап, бейбіт шешім ұсынып келген бірден-бір алаң – Мюнхен конференциясы болды. Биыл алпысыншы рет ұйымдастырылып отырған жиынның мәні де, мағынасы да өзгеше. «Диалог арқылы бейбітшілік» атауымен ұйымдастырылған бұл конференцияда Еуропадағы геосаяси қауіпсіздік, Украинадағы қақтығысқа байланысты Еуропалық Одақ ұстанымы және басқа өзекті тақырыптар талқыланды. Аталмыш маңызды кездесуде көтерілген тақырыптар мен мәселелердің еліміз үшін де, тұтас Еуразия даласындағы геосаяси тұрақтылықты қамтамасыз етуде де маңызы зор. Енді биылғы Мюнхен конференциясында талқыланған өзекті мәселелерге сараптама жасап көрелік.

• Мюнхен конференциясы 1963 жылдың ақпанынан бері Мюнхенде өткізілетін жыл сайынғы халықаралық конференция. «Қырғиқабақ соғыс» кезеңінде Мюнхен конференциясы тараптар арасында ортақ диалог қалыптастырып, қиын мәселелерді дипломатия арқылы шешуде өте жоғары рөл атқарды. Конференция – саясаткерлер, әскери және бизнес өкілдері, үкіметтік емес ұйымдар мен қауіпсіздік саласындағы сарапшылардың басын қосып, халықаралық қауіпсіздіктің өзекті мәселелерін талқылайтын маңызды алаң. Конференцияның негізгі мақсаты – сыртқы саясат, қауіпсіздік және қорғаныс саясатының өзекті мәселелерін талқылау.

Халықаралық құқық дағдарысы: Дипломатиялық талқылаулар форматы

16–18 ақпан аралығында өткен Мюнхен конференциясы бастау алардан бір сағат бұрын, ресейлік саясаткер Алексей Навальныйдың абақтыда көз жұмғаны белгілі болды. Сәйкесінше, конференция ашылуына А.Навальнийдың жесірі, Юлия Навальная сөз сөйлеп, қастандық ұйымдастырғандар жауап беретін сәттің жақын қалғанын атап өтті. Саясаткер А.Навальнийдың Мюнхен конфе-

МЮНХЕН КОНФЕРЕНЦИЯСЫ: белгісіздіктер мен бір үзік үміт

ренциясы басталуы алдында қаза табуы Ресейдің ұжымдасқан батысқа саяси ым-шарасы деп түсінетіндігін атап өтті. Сәйкесінше, тұтас үш күнге созылған конференцияда халықаралық саясаттағы адам құқығы, халықаралық құқықтың дағдарысы сынды мәселелер негізгі талқыланды. Мюнхен конференциясында қазіргі таңда халықаралық қауіпсіздік жүйесіне бірден-бір қатер төндіріп отырған – Ресей–Украина қақтығысы, Таяу Шығыстағы Израиль мен ХАМАС террорлық ұйымы арасындағы шиеленіс және АҚШ-та өтетін президент сайлауында республикалық партиядан кандидат Д.Трамптың билікке келу ықтималдылығы, Азия–Тынық мұхиты аймағындағы геосаяси қарама-қайшылық, жаһандану және жасанды интеллектіге негізделген қауіп негіздері, мүмкін салдары және т.б. мәселелер дипломатиялық талқылаулар форматында талқыланды.

Цифрландыру жүйесі: Ақпаратпен қамтамасыз етудің ықпалы мен рөлі

Цифрландыру жүйесін мемлекеттік қызмет көрсету саласына қолданудың маңызы зор. Мюнхен конференциясында цифрлық платформалар арқылы ақпаратпен қамтамасыз етудің ықпалы мен рөлі ауқымды негізде талқыланды.

• Қазақстанның цифрлық қызмет көрсету бойынша әлемде ондыққа кіретіндігін, Алматы қаласының Орталық Азияның цифрлық астанасы атанғандығын ескерсек, ғаламдық біртұтас тұрақтылықты қалыптастырудағы цифрлық технологияларды мемлекеттік қызмет саласына тиімді кіріктірудегі Алматы қаласының тәжірибесі орасан зор деп білеміз.

Цифрлық технологиялардың ақпаратқа тең қол жеткізудегі рөлінің маңызы қазірде жаһандық сипат алды. Екінші бір маңызды мәселе – мегаполистердің халықтың ортақ идея аясына шоғырлануда, ашық пікірталас, ортақ мәселелерді сыни негізде талқылау арқылы біртұтас ұлттық құндылықтарды қалыптастырудағы маңызына қатысушы сарапшылар кеңінен тоқталды.

Бейбітшілікті қаласаң, соғысқа дайын бол!

Конференцияға әлемнің көптеген елдерінен саяси тұлғалар, бизнес өкілдері, сарап-



Дереккөз: Bloomberg.com

шылар қатысып, бірнеше секциялар бойынша пікірлерін ортаға салды. Дәстүрлі түрде конференцияның басты қонағы саналып келген Ресей басшылығы 2022 жылдан бастап конференцияға қатыспауда. Орнын биылғы конференцияда Қытайдың Сыртқы істер министрі Ван басты. Конференцияға қатысқан Украина президенті В.Зеленский Украина–Ресей арасындағы соғыстың аяқталуы тікелей Еуропалық Одақ тарапынан көрсетілетін көмекке байланысты екендігін айтты. Конференция аясында Еуропалық Одақ тарапынан Украинаға әскери көмек көлемі артып, тараптар арасында текетірес әлі біршама уақытқа созылатыны анық. Алайда, Германия канцлері Олаф Шольц НАТО және Еуропалық Одақ Украинаға соғыс даласына тікелей әскерлерін жібермейтіндігін ашық айтты. Яғни мұндай гибриді нұсқадағы мүдделер қақтығысының шешімі күрделі екендігін тарихтан жақсы білеміз. Бұл тұрғыдан алғанда, Батыс пен Ресей арасындағы геосаяси шиеленістің келесі стадияға ауысқанын көреміз.

Жыл сайын конференция қарсаңында сарапшылар тарапынан халықаралық қатынастардың жай-күйі туралы арнайы зерттеу материалдары жарияланады. Аталмыш зерттеу материалдардың биылғы жылға болжамы «Барлығы жеңіледі ме?» деп аталады. Яғни, соңғы екі жыл бойынша жалғасып келе жатқан геосаяси шиеленістер мен экономикалық дағдарыс халықаралық институттардың ықпалын төмендетіп, II Дүниежүзілік соғыстан кейін қалыптасқан халықаралық тәртіпті дағдарысқа ұшыратты. Конференция сарапшыларының пікірінше, қазіргі таңда халықаралық тәртіпті қамтамасыз етуі тиіс институттар ықпалды державалар арасындағы баланста негізделген байланысты қамтамасыз ете алмай, «құрылымдық дағдарысты»

бастан өткеруде. Сәйкесінше, Мюнхен халықаралық конференциясы зерттеуі нәтижесі бойынша, геосаяси шиеленістердің артуының бірден-бір себебі, либералды демократиялық құндылықтар дағдарысы. Мысалы, соңғы 13 жылда әлемде либералдық демократиялық елдер саны 2009 жылғы 44-тен 2022 жылы 32-ге түсті. Сәйкесінше, 2009 жылы әлем халқының 46%-ы авторитарлы елдерде өмір сүрсе, 2022 жылы бұл көрсеткіш 72%-ға жеткен.

• Алматы қаласы еліміздегі алып мегаполис қана емес, сонымен қатар, азартушылық ортаның қалыптасқан негізі. Ұлттық деңгейдегі шешімдер Алматы қаласынан идея негізінде бастау алып, әлемдік деңгейде таралатынына куәміз. Бұл тұрғыда Мюнхен конференциясы әлемдегі мегаполистердің ортақ идея қалыптастырудағы, құндылық генерациясы ретіндегі рөліне аса жоғары мән берді.

Сонымен қатар, конференция аясында жасанды интеллектіге негізделген технологиялардың саяси процестерге қолданылуы, ықпалы, заңсыз миграция, жаһандық жылыну проблемалары сынды өзекті мәселелер талқыланды. Десек те, қазіргідей геосаяси шиеленіске толық жағдаят барысында әрбір дипломатиялық келіссөз бейбітшілікке жасалған маңызды қадам деп саналады.

Нұрболат
НЫШАНБАЕВ,
сарапшы.



САРАПТАМА

Мемлекеттің экономикаға араласуын шектеу:

ҚАЗАҚЫ ЛИБЕРАЛИЗАЦИЯ қай бағытта жүруі тиіс?

(Басы 1-бетте)

«Күжатта нарықтағы бәсекені арттыру, жекешелендіруді тиімді жүргізу және квазимемлекеттік секторды реформалау мәселелері қамтылуы тиіс» деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Нарықтағы бәсекенің жоқтығы, тиімсіз жекешелендіру және квазимемлекеттік сектордың есепсіз ұлғаюы ескі Қазақстаннан қалған жүйелі мәселелер. Мұның бәрі сыбайлас жемқорлықтың салдары.

Transparency International зерттеу орталығының рейтингінде еліміз былтыр 93-орынға жайғасқан. Жалпы, 180 елдің ішінде бұл нашар көрсеткіш емес. Дегенмен, дамыған мемлекеттердің деңгейінен әлдеқайда төмен. Сондықтан қазақы либерализацияға басты кедергі сыбайлас жемқорлық деп айта аламыз.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың 2022–2026 жылдарға арналған тұжырымдамасында мемлекеттің квазимемлекеттік сектормен қоса алғандағы экономикадағы үлесі 60–80%-ды құрайтыны көрсетілген. Сонымен қатар, квазимемлекеттік субъектілерінің қажеттілігі ескерілмей құрылған деген сараптамалық пікір де жазылған. Мұның бәрі аталған салаларда құрылымдық өзгерістер қажет екенін көрсетеді.

Тапсырма – кеселді түбірімен жою

Экономика саласында реформа бәсекені арттыру, тиімді жекешелендіру және квазимемлекеттік секторға өзгеріс алып

келу арқылы жүзеге аспақ. Мемлекет басшысы осы бағыттағы кеселдер – бақылаусыз монополияны, ресурстарды әділетсіз бөлуді, бәсекенің заңсыз тәсілдерін қолдануды түбірімен жоюға тапсырма берді. Мұның бәрі экономикадағы бәсекені арттыруға әсер етпек. Біздің ойымызша бұл бағытта монополияға қарсы агенттіктің құзыретін арттыру қажет.

Екінші мәселе – әділетсіз жекешелендіру. Бұл мәселеде халықтық IPO қолға алынбақ. Яғни еліміздің әр азаматы үшін қазақстандық компаниялардың акциясын иеленуге мүмкіндік жасалады деген сөз. Оны жүзеге асыруда да тәуекелдер бар.

• Ең басты кемшілік – халықтың инвестициялық сауатының төмендігі. Бәлкім, есеп-қисапқа жүйрік шығармыз, бірақ акция сатып алу, сату мүлдем басқа деңгей. Сондықтан инвестициялық сауатты арттыруға баса назар аударған жөн. Сонымен қатар, халықтық IPO туралы ақпарат тарату, оны халыққа түсінікті тілде жеткізе білу де маңызды.

Үшінші мәселе көлемді квазимемлекеттік сектор. Бұл бағытта «Самұрық-Қазына» қорына реформа жасау тапсырылды. Демек, жақын арада ауқымды өзгерістерді күтуге болады. Осы шаралардың бәрі экономиканы ырықтандыру туралы Жарлықта көрініс табады. Бірақ түбегейлі реформа жасау үшін бұл жеткіліксіз. Себебі, өзге елдерде жүрген реформалар барлық деңгейді қамтыған. Егер Жарлық тек осы үш мәселені қамтитын болса, экономиканы либерализациялау тек Үкімет

деңгейінде өтеді. Ал жергілікті әкімдіктер деңгейіндегі квазимемлекеттік сектор сияқты мәселелер тыс қалуы мүмкін. Біздің ойымызша, жоғарыдағы үш мәселе 1-3 жылға арналған шаралар. Реформаның екінші кезеңі туралы ақпарат алдағы жылдары белгілі болуы мүмкін.

Ақылды мемлекеттік басқару қажет

Әлемде сәтті өткен экономикалық реформалар аз емес. Әр реформатор түрлі әдіс-тәсілдерді қолданған. Бірақ олардың бір ұқсас тұсы бар. Сәтті реформаның кепілі – түбегейлі өзгеріс. Мысалы, 1990 жылдары Аргентинаның Экономика министрі Д.Ковальо реформа жасағанда, экономиканың бүкіл саласында жекешелендіруді жүзеге асырған. Тіпті, әскери саланы да жекешелендірген. Мексикадағы 1990 жылдардағы реформа да осыған ұқсас.

Түркияда 1950 жылдардағы реформа өзгеше болды. Онда аралас басқару механизмі қолданылды. Яғни ақылды мемлекеттік басқару мен нарықтық бәсеке ұштасты. Мемлекеттік басқарудан түбегейлі бас тартпай экономиканы либерализациялау жүзеге асты. Сингапурдағы Ли Куан Ю ұсынған реформа да осыған келеді. Демек, қазақы либерализация осы бағытта жүруі тиіс.

Алматы – бизнеске қолайлы қала

Алматы – шағын және орта бизнесті қолдауда республика бойынша елдің алды. Былтыр I тоқсандағы дерек бойынша Алматы қаласы тіркелген ШОБ жағынан еліміздің көшбасшысы болған. 368 мыңнан астам шағын және орта бизнес Алматыда тіркелген. Оның 315 мыңнан астамы тұрақты жұмыс істеген. Мұның бәрі қалалық деңгейде экономикалық ырықтандырудың көрсеткіші.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.





ӘРІПТЕСТЕР ӘЛЕМІ

ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ АЛТЫН КӨПІРІ

«Alatau Aqparat» медиахолдингі мен Қарағанды университеті екіжақты меморандумға қол қойды

Таяуда Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің Филология факультетінде журналистика кафедрасының 30 жылдығына арналып, «Медиабілім беру жағдайындағы журналистика және PR» деген тақырыпта форум өтті. Алқалы форум кафедрада қызмет еткен ұстаздардың, түлеп ұшқан түлектердің басын қосты. Оған біздің «Alatau Aqparat» медиахолдингінің Бас директоры Ержан Қалымбайұлы қатысып, ізгі тілегін білдіріп, ой-ұсыныстарын да жеткізді.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

Бұдан былай аталған университеттің «Журналистика» және «Қоғаммен байланыс» студенттері «Alatau Aqparat» медиахолдингіне қарасты «Almaty aqshamy» және «Вечерний Almaty» газеттері мен медиахолдинг сайтынан өндірістік іс-тәжірибеден өте алады. Осылайша Е.А.Бөкетов университеті мен «Alatau Aqparat» екіжақты меморандум аясында бірлесіп жұмыс істейтін болады.

Медиахолдингінің Бас директоры Ержан Қалымбайұлы өз сөзінде:

– Қазіргі уақытта журналистер ұлттық журналистикаға, ақпараттық саясаттың қалыптасуына, мемлекеттік сананың орнығуына өздерінің қаламының қарымымен үлес



(Суреттер: Қарағанды университетінің әлеуметтік парақшасынан)

қосып, табысты еңбек етеді. Әріптестеріміз Қазақстанда ғана емес, шет мемлекетте де жемісті қызмет атқаруда. Журналистика саласында ғана емес, мемлекеттік қызметте, бұқарамен, үкіметпен байланыста да қажырлы еңбек етіп жүрген әріптестеріміз жетерлік. Біз Бөкетов университеті журналистика кафедрасының түлегі екенімізді әрқашан аса мақтанышпен айтып жүреміз. Алдағы уақытта да осы қарашанырақта өз ісінің хас шебері атанатын, білімді де білікті мамандар шығатынына сеніміміз мол, – деді.

Іс-шара барысында форум қатысушылары журналистика кафедрасының тарихы жайлы қысқаметражды фильм тамашалады.

Жиында қаламы қарымды журналист, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан жоғары мектебінің академигі Зарқын Тайшыбай «Осыдан 30 жыл бұрын Қазақ ұлттық университетінен кейін Қарағандыдағы Бөкетов университеті журналистика мамандығын ашу бақытына ие болды. Ақпарат майданында жүрген журналистерге тек сәттілік тілеймін. Тәуелсіздікті ту етіп, қажырлы еңбек етіндер. Жазарларын көп, сөздерін өтімді, еңбектерің жемісті болсын!», – дей келе, сонау 1993 жылы өзі негізін қалаған журналистика кафедрасының тарихына кеңінен тоқталды.

Кафедрада ұстаздық еткен ардагер ұстаздар, бұқаралық ақпарат құралдарының

тізгінін ұстаған өзге түлектер де университет қабырғасында өткен жылдардың естен кетпес ыстық естеліктерімен бөлісті. Жас ұрпаққа журналистиканың қыр-сырын үйреткен Қуандық Шамахай, Мағауия Сембай, Кәрім Сауғабаев, Мартбек Тоқмырза сынды тау тұлғаларды сағынышпен еске алды.

Журналистика кафедрасы 30 жылдың ішінде екі мыңға жуық түлекті қанаттандырып екен. Қазіргі күні журналистика және қоғаммен байланыс мамандықтарында оқитын білім алушыларға екі профессор, екі қауымдастырылған профессор, 1 PhD доктор, тәжірибелі аға-оқытушылар мен бұқаралық ақпарат құралдары саласының мамандары дәріс береді. Мамандардың теориялық білімімен қатар практикалық біліктілігі де жоғары. Студенттердің шығармашылығын шыңдауына барлық жағдай жасалған. Оқу телевизиясы мен Buketov радиосында, Бөкетов университетінің баспасөз қызметінде, «Жастар әлемі» журналының редакциясында теориялық білімді практикамен ұштастырады. Түлектер жетекші бұқаралық ақпарат құралдарында, баспасөз қызметтерінде, ақпараттық және жарнамалық агенттіктерде жемісті қызмет етуде.

Форум аясында қатысушылар үш секцияға бөлінді. Белгілі журналистер мен PR-мамандар журналистика теориясы мен практикасына, медиабілім беруге, медиаэтикаға және медиакоммуникацияның басқа да аспектілеріне қатысты өзекті тақырыптар бойынша баяндама жасады.

«Бәріміздің илегеніміз бір терінің пұшпағы». Сондықтан Алматы мен Қарағанды арасына алтын көпір болатын бұл ынтымақтастық байланыстың бізге тек жеміс әкелетініне сенеміз.

Ауғанстан әлеуеті:

АЙМАҚТАҒЫ ЖАҢА БӘСЕКЕЛЕС

Орта Азия болашақта инвестицияның күшті ағынына ие болуы мүмкін. Геосаяси жағдайларды қамтыған көптеген мәселелер осындай жағымды болжам жасауға итермелейді. Алматы қаласы мұндай жоғары инвестициялық ағын дәуірінде аймақтың көшбасшы қалаларының қатарында тұрары анық. Себебі, шаһардың толып жатқан мүмкіндіктері бар. Алайда, біз аймақта өсіп келе жатқан жаңа бәсекелестерді ескеруге тиіспіз. Бұл бәсекелестер аймақ ішінде және оған жақын елдер мен аймақтарда да бар. Сол қатардан арнайы Ауғанстанды тақырып етпекпіз. Әрине, Ауғанстанды қазіргі бейнесіне қарап, Орта Азияның бәсекелесі деу – қабылдауға қиын болжам. «Қырық жылдық қырғыннан» есеңгіреп шығып, әлі де терең әлеуметтік дағдарыс ортасында отырған елді біршама тұрақты даму үрдісіне жете алған посткеңестік аймақпен салыстырудың өзі күлкілі көрінер. Алайда, ұзақ мерзімді перспективадан алып қарағанда, Ауғанстан біздің аймаққа терең ықпал етуші тарап болып қалыптасып келеді деуге негіз бар. Бұл үрдіс соңғы жылдары жеделдей түскендей.

• Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ Бас Ассамблеясы 78-сессиясы аясында сөйлеген сөзінде Орта Азия және Ауғанстан үшін Орнықты даму мақсаттары жөніндегі БҰҰ-ның өңірлік орталығын Алматыда ашу керектігін ұсынған болатын. Бұл ұсыныс аймақтың болашақ бәсекелесімен қазірден тығыз әріптестік орнатуда маңызды қадам үшін жасалғаны анық. Алматы өзімен бір географиялық кеңістіктегі болашақ бәсекелес шаһарлармен тығыз экономикалық, әріптестік байланысқа қол жеткізуге тиіс.

Азия жүрегіндегі мекен

Ауғанстан әлеуетін асыра бағалап жатсақ, оның әбестігі жоқ, есесіне кем бағалауға болмайтын мәселе бар. Ауған жұртының ең басты артықшылығы ретінде оның географиялық орналасудағы бірегей ерекшелігін айту керек. Теңізге шектеспейтін ел болса да үлкен өркениеттердің арасында тұрған стратегиялық маңызды нүкте. Оны «Азия жүрегі» деп атауы да тегін емес. Шығысында қытай, оңтүстігінде үнді, батысында ислам әлемі, ал солтүстігінде ортаазиялық түркі мәдениетімен мыңдаған жыл шектесіп, араласып, бітеқайнасып жатқан жұрт. Ауған жұрты өзінің қазірге дейінгі тұрақсыз қалпымен-ақ осы алып өркениеттер арасында буферлік аймақ ретінде рөл атқарып келді. Америка Құрама Штаттарының аймақтағы стратегиясында Ауғанстанның негізгі әскери күш

ұстайтын орын ретінде тандалуына ең негізгі себептің бірі де осы. Ішкі-сыртқы, ірілі-ұсақты кейбір мәселелерді қайыра тұрып, масштабқа геостратегиялық қырынан үңілгенде, АҚШ-тың ауған жерінде әскери күш ұстауы оны қоршаған алып мәдениет кеңістіктері арасында өзіндік бақылаушылық ықпалын арттырған. Ауғанстан арқылы АҚШ Қытайдың батыс шекарасына, посткеңестік елдердің оңтүстік шекарасына жақындап, тұтас Орта Шығыстағы мүдделерін алға жылжытуды қамтамасыз ете алды. Вашингтонның өзі үшін табысты болған бұл стратегиялық жүрісі Ауғанстансыз жүзеге асуы қиын еді.

Ауған жерінің геостратегиялық маңызға ие болуы жаңа мыңжылдықпен бірге басталған жоқ. Оған дейін де солай болып келген. Мұхиттың арғы бетінен америкалық сарбаздардың табаны бұл топыраққа тигенге дейін де тап осындай ірі күштердің басты назарында тұрды. XIX ғасырда Шыңжаң жерінде жаңа провинция құрған Цинь империясы, Орта Азия арқылы оңтүстікке қарай кеңейген Ресей империясы және Үндістанды толық иелеген ағылшын империясы да дәл осы ауған жерінде түйісті. Бірақ үш тарап та ауғанның таулы аймағына сұғынып кірмей, өзара қорғанатын буферлік аймақ ретінде ұстап тұрды. Сол тұста ағылшындар Ауғанстан арқылы Шыңжаңдағы ұйғырлардың алты шаһарына өзіндік іс-қимылдарын жүргізген болатын. Бұл жолды Ресей империясы да пайдаланды. Тіпті, алыстағы Осман империясы да Орта Азия және ауған жері арқылы Тарым мен Жонғар алаптарына өз идеологияларын жеткізіп отырды. Бұлардың нәтижесінде Шыңжаңның орнықтылығы мен аумақтық егемендік мәселесі Цинь орталық билігі үшін үлкен мәселеге айналған кездері де бар.

Ауғанстан қазірдің өзінде стратегиялық маңызды нүкте болып қала береді. АҚШ–Қытай арасында Үнді–Тынық мұхитындағы бәсеке өршіген сайын, Орта Азиядан, Оңтүстік Азиядан өтетін құрлық дәліздері маңызды бола түседі. Батыс пен Ресейдің қайшылығы асқынған сайын Орта Азия мен Ауғанстан арқылы өтетін тасымал жолдары Ресей үшін де тағдыршешті мәнге ие бола түседі. Үндістан болса Қытаймен аймақтағы бәсекелестікте ырықты позицияны алу үшін ауған арқылы біздің аймаққа қарай қадамдарын жиілетуді көздейді. Ал қазір Орта Шығыстағы қақтығыстың жаңа темпі Иранды аймақта тіпті де белсенді бола түсуге итермелеп отыр. Арасында өзінің ұлттық мүдделерін ортақ қорғап қалуға күш салып отырған Қазақстанды қамтыған ортаазиялық мемлекеттер де бар. Міне, осындай тайталас мүдделер арасында Ауғанстан тіпті де маңызды фактор бола түсті.

Игерілмеген игіліктер

Сонау Кеңес Одағы кезеңінде басталған күш орталықтары арасындағы тартыс Ауғанстанды жарты ғасырға жуық тұрақсыз елге айналдырды. Бұл ұзаққа созылған аласапыран кезең Ауғанстан жеріндегі табиғи қазба байлықтарды игерусіз қалдырды. Қазір бұл елді кен бұрғысы түспеген әлемдегі сирек елдердің қатарына кіргізуге болатындай. Әрине, мүлде ашыл-

май қалған жоқ, өз тұсында АҚШ елдегі сирек кездесетін элементтердің мол қорын ашып игергені туралы білеміз. Тәліптер билікке келгеннен кейін бұл орынды иеленгісі келетін жаңа күштер көп. Қазірге ең белсендісі – Қытай.

Жақында ғана қытайлық энергетикалық компания Ауғанстанда мұнай өндіруге 49 миллион доллар инвестиция салды. Мәліметтерге қарағанда, бұл инвестиция Ауғанстанның күнделікті шикі мұнай өндіру көлемін 1100 метрикалық тоннадан ұлғайтуға мүмкіндік береді (Бір метрикалық тонна шикі мұнай 7,46 баррельге тең). Бірақ бұл әлі бастамасы ғана. Былайша айтқанда, бұл Қытай инвестициясының алғашқы легі. Қазір ауған жерінде Қытайдың Xinjiang Central Asia Oil and Gas компаниясы жұмысын бастап жатыр. Бұл компания бір жыл бұрын Талибан билігімен 25 жылға мұнай барлау жөніндегі ірі келісімге қол қойған болатын. Келісімге сәйкес қытайлық компаниялар бірінші жылы 150 миллион АҚШ долларын, ал 2026 жылға қарай 540 миллион АҚШ долларын инвестициялауды жоспарлаған.

Алдағы уақытта ауған жерінде табиғи байлықты ашудың жаңа бағдары қалыптасуы мүмкін. Сонда Ауғанстанда мұнай қоры шынында да мол ма? АҚШ Геологиялық қызметінің 2011 жылғы мәліметін келтірейік. Онда Ауғанстан мен Тәжікстанды қамтитын Амудария бассейнінде шикі мұнай қоры 962 миллион баррельге жететіні айтылған. Ал табиғи газ одан да көп, 5202,5 миллиард текше фут табиғи газ қоры бар делінген.

Аш нарық, ысылған адам ресурсы

Әлбетте, инвесторлардың немесе геостратегиялық тұрғыда бақылаушылардың ұзақ уақыт жанжал ошағындағы азаматтардың бәсекеге қабілеттілігіне қатысты күмәнді сұрақтары көп. Ауғанстандықтардың инвестицияларды, өзге де зор мүмкіндіктерді игеруге қабілеттілігіне күмән де орынды. Алайда, ауған жұртына алғашқы ғылыми экспедицияға жол ашып қайтқан қазақстандық ғалымдар мүлде басқаша бағалайды. Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері Елдос Сауырхан өзінің ғылыми сапарында ауғанстандықтарды жаңа қырынан көргенін айтты. «Жастарының көпшілігі бірнеше тілде сөйлеп жүр, ағылшын, үрді, парсы тілдерін меңгергендер көп. Соғыс жылдарында болсын Ауғанстан белгілі деңгейде батыстық жаңалықтарды да қабылдады. Дағдарыстың ауырлығына қарамастан ондағы халық аса өміршендікке ие екенін көзіміз көрді. Егер дұрыс инвестиция мен дұрыс саяси шешімдер болғанда Ауғанстан болашағын, оның айналаға болған ықпалын басқаша көреміз», – дейді Е.Сауырхан.

Ауғанстан тұрақтылық жағдайында үлкен әрі аш нарықты қалыптастырды. Ішкі өндірісі тұралағандықтан тауар мен азық-түлік тапшылығы жоғары деңгейде. Қарапайым тұрмыстық тауарлар, азық-түлік өнімдерінен тартып, түрлі импорттық өнімдерге зәру. Бұнымен қоса, «Талибан» билігі елдегі инфрақұрылымдарды жаңартуға мүдделі. Бұл дегеніміз, алдағы уақытта елдің жол, тұрғын үй, су құрылымдарын, әлеуметтік нысандарды салуға, ішкі және шетелдік жұмыс күштеріне, құрылыс компанияларына деген сұранысы артады дегенді білдіреді. Осы секілді түрлі қырынан Ауғанстанды жете бағалағанда ғана, біз оның алдағы ықтимал ықпал-әсерін тура бағамдай аламыз.

Естай БОЖАН,
сарапшы.



КЕҢЕС

АЛМАТЫ АГЛОМЕРАЦИЯСЫ: Даму перспективалары талқыланды

**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

(Басы 1-бетте)

«Алматы агломерация орталығы болып қала береді және маятниктік көші-қонды ескере отырып, қаланың күнделікті халқы шамамен 3 млн адамды құрайды. Сондықтан біз қала маңындағы аймақпен көліктік байланыс, оны су бұрумен, энергиямен жабдықтаумен, жұмыс орындарымен қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты үйлестіріміз керек», – деді Ерболат Досаев.

Алматының қала маңы аймағы аумақтарының қала құрылысын жоспарлаудың өзекті Кешенді сызбасын Алматы облысының мәслихаты өткен жылдың 26 желтоқсанында бекітті. Жергілікті кеңестің отырысы барысында осы құжатты ҚР Үкіметіне бекітуге жіберу туралы шешім қабылданды.

Өз кезегінде Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасын орындау аясында Алматы агломерациясын дамыту жоспарында 130 іс-шара өткізу көзделгенін, оның 77-сін Алматы облысы жүзеге асыруы тиіс екенін атап өтті.

Отырыс барысында бірқатар өнеркәсіптік кәсіпорындарды Алматыдан тыс жерлерге көшіру мәселесі қаралды. Бұл шара Алматы қаласының 2040 жылға дейінгі Бас жоспарында және егжей-тегжейлі жоспарлаудың (ЕТЖ) жаңа жобаларында көзделген экологиялық талаптарға негізделген. Бүгінгі таңда Алматы және облыс әкімдіктері кәсіпорын басшыларымен келіссөздер жүргізуде. Осылайша 16 ұйымның 4-еуі



қайта орналастыруға дайын екендіктерін білдірді. Мысалы, «Темірбетон-1» ЖШС Алматы облысындағы «Қайрат» көлікке ауысып отыру торабы орналасатын жерді анықтау болды. Бұл учаскеде сыйымдылығы әртүрлі сыныптағы 400 автобуска дейінгі бірегей автобус паркін салу жоспарлануда.

Парк жобасының Қазақстанда көлік құралдарын зарядтау және толтыру үшін жоспарланған инфрақұрылым бөлігінде баламасы жоқ.

Отырыстың күн тәртібінде тұрған маңызды мәселелердің бірі – Мемлекет басшысының биылғы 25 қаңтарда Алматыға

сапары барысында мақұлдаған Алматы к. көлік қаңқасының Шебер-жоспарының маңызды элементі «Солтүстік» көлікке ауысып отыру торабы орналасатын жерді анықтау болды. Бұл учаскеде сыйымдылығы әртүрлі сыныптағы 400 автобуска дейінгі бірегей автобус паркін салу жоспарлануда.

Парк жобасының Қазақстанда көлік құралдарын зарядтау және толтыру үшін жоспарланған инфрақұрылым бөлігінде баламасы жоқ.

индустриалды аймақтар салу үшін Алматы және Алматы облысының әкімдіктері өткізулері тиіс бірінші кезектегі іс-шаралар талқыланды. «Алматы агломерациясында өңдеуші өнеркәсіпті дамыту аясында Алматы облысында жаңа индустриалды аймақтарды құруға басты назар аударылды. Бүгінгі таңда қала экономикасы құрылымындағы өңдеу өнеркәсібінің үлесі 4,8%-ды құрайды. 2023 жылдың қорытындысы бойынша машина жасау саласында – 46%, тамақ өнеркәсібінде – 24,1%, құрылыс материалдары өндірісінде – 6,4%, ең жоғары көрсеткіштерге қолжеткізілді. Өңдеуші өнеркәсіптің одан арғы перспективалары Алматы индустриалды аймағын, «Алатау» АЭА ИТПП дамуының екінші кезеңімен және Алматы облысында жаңа индустриалды аймақтарды, сондай-ақ шағын өнеркәсіп парктерін құрумен тікелей байланысты», – деп атап өтті отырыс барысында баяндама жасаған Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әлішер Әбдіқадыров.

Айта кетерлігі, Алматы агломерациясын дамытудың 2029 жылға дейінгі Кешенді жоспары ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы аясында әзірленіп, 2023 жылдың желтоқсанында ҚР Үкіметі бекіткен болатын.

Агломерация – бұл бір немесе бірнеше ірі қалалардың айналасындағы елді мекендердің жинақталуы. Өзегі Алматы болып табылатын Алматы агломерациясына аудандық маңызы бар қалалар, 31 ауылдық округ және шамамен 3 млн адам тұратын 98-ге жуық елді мекен кіреді. Агломерация аумағы өзінің өңірлік даму жоспарлары мен мемлекеттік жоспарлаудың басқа да бағдарламалары бар 2 әкімшілік-аумақтық бірлікті (Алматы к. және Алматы облысы) қамтиды.

ЭКОПОЛИГОН

Зауыт күніне 1 мың тоннадан асатын тұрмыстық қалдықтарды қабылдайды.

**Досбол
АТАЖАН**

Алматыда тұрмыстық қатты қалдықтарды сұрыптап, қайта өңдеумен айналысатын консорциум құрылған. Консорциум құрамына «Ақ Тәртіп» ЖШС, «Green Recycle» ЖШС және қалалық полигон кіреді. Әр күн сайын «Тәртіп» АҚ-ның 130-дан астам жүк көлігі қаланың аудандарына тарап, тұрмыстық қатты қалдықтарды «Green Recycle» зауытына әкеледі. Мұнда қоқыс сұрыпталып, престелген қалдықтар қайта өңдеу орындарына, ал өңдеуге келмейтін қоқыс қалалық полигонға жіберіледі.

– «Тәртіп» компаниясы 2006 жылдан бері Алматыда тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау және шығару қызметімен айналысады. Тұрмыстық қалдықтарды жинау жұмысы таңғы 6.00-де басталып, түнге дейін жалғасады. Егер қоқыс 1 күн жиналмаса, оның салдарын жоюға 3-4 күн кетеді. Сондықтан қалдықтарды жинау жұмысы күнде жүргізіледі. Ресми деректер бойынша, қалада 2,2 миллион тұрғын бар. Біздің мәліметімізше, компания 1 миллион адамға қызмет көрсетеді. Тариф 2017 жылы қалалық мәслихатпен бекітілді. Қызмет құны сол кезден бері өзгерген жоқ, адам басына 553,04 теңгені құрайды, – деді «Ақ Тәртіп» ЖШС-ның бас заңгері Куаныш Наметов. Сондай-ақ, оның айтуынша жүк көлігінің жүргізушілері қазіргі уақытта 350 мың теңге, ал қоқыс жинайтын қызметкерлер 250 мың теңге жалақы алады.

– Зауыт 5 жыл бұрын салынып, 2018 жылы іске қосылды. Оның қуаты – жылына 550 мың тонна. Қазір қысқы уақытта күніне 1100 тонна тұрмыстық қатты қалдық қабылданады. Кәсіпорын тәулік бойы



Суреттерді түсірген Сағат Құсайынов.

жұмыс істейді, 4 жұмыс ауысымы бар. Қоқысты сұрыптауға арналған цехтың аумағы 12,5 мың шаршы метр, – деді «Green Recycle» қоқыс сұрыптау кешенінің директоры Сергей Колесник.

Қоқыс сұрыптау кешені конвейерлік жүйемен жұмыс істейді. Бірінші жүк көлігі келгенде оның нөмірі бойынша көліктің қай жерден, қандай салмақтағы қоқыс әкелгені автоматты түрде тіркеледі. Сол жерде радиациялық бақылаудан өтеді. Содан кейін көлік қабылдау бөліміне жіберіледі. Қабылдау бөлімінде қоқысты сұрыптаудың бірінші кезеңі болады. Яғни алдын ала сұрыптау жүргізіледі. Бұл бөлімде ағаш, тас және өзге де өңдеуді қажет етпейтін не өңделмейтін қалдықтар алынады. Одан кейін қалған қалдықтар цехтарға қайта қолданылатын шикізаттарды бөлу үшін жіберіледі. Сұрыпталатын шикізаттың 11 позициясы бар. Олардың қатарына ақ шыны, түрлі-түсті

шыны, макулатура, картон, пластикалық бөтелкелер және т.б. кіреді.

Шикізатқа жатпайтын қатты қалдықтардың біраз бөлігі арнайы арналма құрылғымен автоматты түрде бөлінеді. Содан кейін тоқтаусыз жүріп тұратын қалдықтарды сұрыптау жолақшаларында қызметкерлер қоқысты әртүрлі контейнерлерге тастайды. Цехта барлығы 4 жолақ бар. Мұнда әр жұмысшы өзіне тапсырылған материалды сұрыптайды. Мысалы, бір жұмысшы тек қағаз сұрыптайды, екіншісі пластиктерді, үшіншісі тағы бір материалды бөлек жинайды. Шикізатқа жатпайтын қоқыс, мысалы органикалық қалдықтар (азық-түлік, құрылыс материалдары, ағаш бұтақтары және т.б.) жеке жолақшамен майдалануға, одан соң қоқыс полигондарына жіберіледі. Сұрыпталған қалдықтар басылып, прес-



теледі. Мұндай қайта өңдеуге дайын бастырылған шикізатты «брикет» деп атайды. Брикеттер қайта өңдеу кәсіпорындарына салмағына қарай сатылады. Оған дейін жылжымалы техниканың көмегімен престелген шикізат зауыттың қоймасында сақталады.

«Барлық 4 ауысымды қоссақ, цехтың тұрмыстық қатты қалдықтарды сұрыптау жолақшаларында 560 адам жұмыс істейді. Инженерлік құрам, техникамен жұмыс істейтін мамандарды қосқанда барлығы кәсіпорында 700-ден астам адам қызмет етеді», – деді Сергей Колесник.



Жаңа технология:

САПАЛЫ ЖОЛ ОРАМДАРЫ

қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етеді

Бүгінде алматылықтардың қоғамдық көлікке қолжетімділігі айтарлықтай жақсарды. Қаншама автобус, троллейбус, электробус сатып алынууда. Соның бәрі жолаушылардың жағдайын жақсарту үшін жасалынып жатқан қадам. Енді сол жолаушылардың күту уақытын қысқарту, жылдамдық пен жайлылықты арттыру, жол жүру құнын нақтылау жоспарлануда. Мұндайда экологиялық жағдайды жақсарту – маңызды мәселе. Әлбетте, сол қоғамдық көліктер мен қалаға кіріп-шығатын автокөліктер жүретін жолдың берік әрі сапалы, бүгінгі талапқа сай болуы ең басты мәселе саналады.

Айнабай
МӘДІЖОЛДЫҢ ЖАЙЫН
ЖАНКЕШТІЛЕР БІЛЕДІ

Бір уақыттарда Алматы жолдарындағы асфальтбетон жабынында төмен температурада жарықтар пайда болып, көлік жүрісіне едәуір кедергісін келтірген. Бұл жағдайдың алдын алу, бұған жол бермеу жағы ғылыми түрде негізделді. Дәлелденіп қана қоймай, өндірісте іске асты. Ғылыми жобаның авторы, техника ғылымының кандидаты Бағдат Телтаев болатын. Одан бері де біраз уақыт өтті. Қазір ол ғылым докторы. Оның ғылыми жетекшілігімен бір ғана Алматы емес, республикамыздың сан тарабында жол саласының негізгі нормативтік құжаттары әзірленген жұмыстар жетерлік.

Бүгінде Бағдат Бұрханбайұлы қатты емес жол орамын жобалауға шындап кірісіп кеткен. Оның белсенді қатысуымен қаламыздың жол-климаттық аумақтандыруының жаңа картасы қолға алынды. Сондай-ақ, қаламызда климаттық жағдай мен автомобиль жолының санаты ескеріле келе, жол орамының ұтымды конструкциясының альбомы жасалды. Жергілікті маңызды автокөлік жолдарына арналған жол орамының негізгі конструкциясы жүзеге асты.

2020–2022 жылдары республикалық Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыру жобасына қатысып, Алматыдағы «Жол битумының жоғары және төмен температуралық сипаттамасын жақсарту» жұмыстарына ғылыми жетекші ретінде қатысқан. Ресей жаратылыстану ғылымдары академиясы (РАЕН) ғылыми жаңалық пен өнертабыстар авторларының халықаралық академиясы жүргізілген ғылыми сараптаманың нәтижесі негізінде «төмен температуралы жарықшақ пайда болған кезде асфальтбетон жабынының өзін-өзі ұйымдастыру заңдылығы» ғылыми жаңалығы анықталғанын растады. Жолдың жайын осы жолға өмірін арнап, терін төккен жанкештілердің білетінінің бір дәлелі бұл. Ғылым жолы да сондай жанкештілікті талап етеді.

Бұл ретте Бағдат Бұрханбайұлының өзінің сүйікті қаласы Алматыға бүйрегі бұрып тұратыны бар. Алматы қаласының әкімдігінің қолдауымен «Алматы қаласы жолдарында ойық түзілуді төмендетуге қатысты зерттеуге арналған қызмет» жобасына қатысты. 2022–2023 жылдарғы бұл жұмыстарға да ғылыми жетекші болды. «Плазмохимиялық, механохимиялық және өзін-өзі тарататын жоғары температуралы синтез процесін пайдалана отырып, жаңа функционалдық материалдардың технологиясын әзірлеу және сынақтан өткізу» бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бағдарламасында сүбелі үлес қосты. Ғылым комитетінің бұл бағдарламасы 2022–2024 жылдарға арналған. Телтаев аталған бағдарламаның зерттеу тобының мүшесі болды.

НАНОТЕХНОЛОГИЯНЫҢ
ЖЕТІСТІГІН ПАЙДАЛАНҒАН
ЖӨН

– Бұл ғылыми бағыт – жол материалдары мен конструкцияларының физикасы, химиясы және механикасы. Наноматериал мен нанотехнологияны пайдалану көпқабатты жол төсемі мен топырақ негізіндегі жылуды реттейді. Ылғал тасымалдауды эксперименттік зерттеу және математикалық модельдеу де керек. Автомобиль жолдарын жобалау, салу және пайдалануда осы ғылыми жетістіктерді молынан пайдалануға болады. Тек соған ынта, ерік-жігер жетіспейтіні әттен дегізеді, – дейді техника ғылымының докторы Б.Телтаев.

Ғалымның айтуынша, оның ғылыми жетістігі өнертабыс автомобиль жолдарының құрылысына, атап айтқанда, жол орамының негізіне арналған композицияға қатысты. Нанотехнологияны жол орамының қабаттарын төсеу кезінде қолдануға болады. Бұл фр. қиыршық тасты камтитын композицияны қолдану нәтижесінде 5–40 мм, қиыршық тас фр. 5–10 мм, топырақ, бейтараптандырылған ластанған топырақ, портландцемент, ылғалдандырғыш пен су компоненттердің мөлiмделген арақатынасында иілу кезінде созылу берiктiгiнiң шегi жоғарылайды...

«Ғалым негіздеген жоба жол-құрылыс материалдарына жатады. Мұны асфальтбетон қоспасын алу үшін пайдалануға болады. Құрамында фосфор қожы бар асфальтбетон қоспасы – фосфор өнеркәсібінің қалдықтары, әк, битум, полимер, компоненттердің келесі қатынасы, салмағы %: әртүрлі фракциядағы фосфор қожы – 74–89, ұсақ ұнтақталған фосфор қожы – 5–18 ұсақ ұнтақталған әк – 0,5–1, мұнай битумы – 5,5–6 полимер – 0,2–0,4. Осы қатынас сақталған жағдайда техникалық тұрғыда нәтижелі болмақ. Осы қоспамен дайындалған жол орамы Алматы жолдарына аса тиімді. Техникалық қоспада қаланың ылғалдылығы басым аймақ екендігі ерекше ескерілген», – дейді жол инженері бізбен әңгімесінде.

Жоғарыдағы жол орамындағы өнертабысты жол құрылысына, автомобиль жолдары мен аэродромдарға жол орамын орнатуға қолдануға болады. Жабын қабаттарын омонолизациялау мен жол орамының беріктігін арттыруды қамтамасыз ету автомобиль жолдары мен әуеайлақтарға арналған жабын қабаты мен осы негізден тұратын жол орамының конструкциясында пайдалануға болады. Бұл ретте жабын қабаты гидравликалық белсенді заттың қоспасынан құралып, қож түрінде жасалады.

– Аталған база материалдары еліміздің аумағында тіркелген өнертабыстарға патент болып табылады. Өнертабыс оңайлықпен келген жоқ. Түрлі құрылғының, механизмнің, құрылғының моделі мен

● КЕРЕК ДЕРЕК

Бүгінде елімізде 13 халықаралық көлік дәлізі, 8 автомобиль жолы бар.

Алматыда ұзындығы 3097 шақырым 2746 көше бар, соның 69-ы – магистральды көше. Бұл көшелердің ұзындығы – 130 шақырым.

сызбасында қаншама еңбек жатыр. Сондай-ақ, өнімді, препаратты, материалды алумен өндірудің көптеген әдісі мен тәсілі бар, – дейді Алматы автомобиль-жол институтының түлегі, ғалым Б.Телтаев.

ТАҚТАЙДАЙ ТЕГІС
ТӨСЕЛМЕСЕ...

Ғалымның ғылыми қызығушылығы аса ауқымды: жалпы механика, қолданбалы математика, математика мен механиканың сандық әдістері, жол конструкциясы мен материалдарының механикасы, жолдың топырақ негіздерінің су-түз режимі, жол конструкциясының су-жылу режимі, битум мен асфальтбетонның реологиясы, автомобиль жолдарын жобалау, салу және пайдалану мәселесі. Аталған ғылыми бағыттағы зерттеу нәтижесі де түрлі отандық және шетелдік ғылыми журналдарда жарияланды. Шамасы, жас ғалым Бағдатқа академик Шмидт Айталиевтің «Саған жол саласының механикасын жасау қажет» деп айтқаны айдай келді. Дуалы ауыз академиктің уәлі сөзі оның кейінгі ғылыми мансабын анықтағандай. Солай болды да. Саналы өмірін салаға сарп етіп келеді. Адалынан төккен тер босқа кетпейді.

Телтаев Алматыда өсті, жетілді, ғылыми жолын таңдады. Жол жағдайымен байланысты жобаларға жиі қатысып тұрады. Жол қозғалысын жақсарту жол орамын жетілдірмей жүзеге аспайтыны анық. Жолдың тақтайдай тегіс төселмесе, сапа қайдан болмақ? Жол инженерлерінің біліктілігі де осындайда сыналмақ. Оған нақты ғылыми жоба, еркіндік те керек. Жолдың беріктігі мен сапалылығы жол

● ТҮЙІН:

Бүгінде Алматының ішкі магистральдық көшелерін ұзарту жұмыстары жүргізілуде. Демек, шаһар жолдарының орамын жаңа сапада жасау жұмыстары алда да күтіп тұр. Былтыр шаһарымыздың бірқатар жолдары ағымдағы жөндеуден өтті. Бұл жұмыстардың басы-қасында болғанымызда байқағанымыздай, жолдар бұрынғыдай емес, әлдеқайда сапалы жөнделген. Бұл да болса, жол орамдарындағы жаңа технологияның жетістігі. Енді жолдар жыл аралатып жөнделмейді. Бұл жол төсемдерінің беріктігі 5–7 жылға дейін шыдас береді. Демек, сапаға мән берілген. Сол соңғы сапалы жол орамдарының санатында саналы өмірін осы бір бағытқа арнаған техника ғылымының докторы Бағдат Телтаевтың да қолтаңбасы бар.



«Қазпошта» АҚ Басқарма төрағасы Әсел Жанасованың назарына!

«ҚАЗПОШТА»

өз мамандарына жағдай жасай алмаса, халыққа көрсетілер қызмет сапасын қалай көтермек?



леуметтік желінің дәуірі жүргелі қағаз басылымдарға деген сұраныстың бәсеңдегені рас. Бірақ бұл газет мүлде оқылмайды деген сөз емес.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Қазір газетті көбінесе зиялы қауым өкілдері мен үлкен ата-апаларымыз оқиды. Өйткені, аға буын дәстүрлі басылымдарда саяси сараптамалар, тарихи-танымдық, тәрбиелік мәні зор мақалалар жарияланатынын, ондағы жаңалықтар сенімді ақпарат көздерінен алынатынын жақсы біледі. Сол себепті, құнды дүниелерді жылт еткен желі парақшаларынан емес, мерзімді басылым беттерінен оқығанды құп көреді. Ал газеттері уақытында қолына тимей жатса, пошта бөлімшелеріне ерінбей барып алуға даяр. Бұл ретте газет пен оқырманның арасын байланыстыратын «Қазпоштаның» қызметі ауадай қажет. Бірақ алматылық ағайынның аталмыш мекеменің қызметіне көңілі толмайды. Неге?!

Тұрақты кеңсесі жоқ

Жақында редакциямызға белгілі ғалым, профессор Ғарифолла Әнес ағамыз хабарласып, пошта бөлімшесінің қызметіне деген өкпе-назын жеткізді. Ағамыздың айтуынша, жаңа 2024 жылға жазылған газет-журналдарын алуға барған №52 пошта бөлімшесі биыл тағы да мекенжайын өзгертіп, басқа жакқа көшіп кеткен. «Газеттерімді алуға барсам, бөлімшені таппадым. Кеңселері басқа ауданға ауысыпты. «Қазпоштаның» басшылары жыл соңында миллиондап бонус алады. Неге қызметкерлеріне жағдай жасап бермейді? №52 пошта торабының неше жылдан бері бір тұрақты офісі жоқ. Бұл не деген сұмдық?» деп күйінеді ағамыз. Өкпесі орынды. Расында да миллиондаған тұрғыны бар алып қалада пошта қызметін жандандырып, жаңадан бой көтерген ықшамаудандарда өздерінің бөлімшелерін ашудың орнына олардың тұрақты орын таба алмай, жыл сайын көшіп-қонып жүруін қалай түсінуге болады? Сонда «Қазпошта» АҚ өз бөлімшелеріне Алматының әр ауданынан заманауи үлгідегі шағын кеңселер салып беруге шамасы келмей ме? Пошташылар қашанғы көшіп-қонып, оқырман оларды қуып жүруі тиіс? Халыққа қызмет етпейтін пошта кімге керек? Егер бұл сала ұлт руханиятының орталығы саналатын Алматыда ақсап жатса, шалғайдағы ауылдардағы жағдайды елестетудің өзі қиын.

Оқырман базинасы орынды

Ғарифолла Әнес ағамыздың қонырауынан кейін де редакциямызға «пошта жабылып қалыпты, газетімізді қайдан аламыз?» деген сарындағы шағым айтқан оқырмандарымыздың қатары толастамады. Мән-жайды білмек мақсатпен алдымен №52 пошта бөлімшесіне хабарластық. Өзін бөлім жетекшісі Ботагөз Әшірбайқызы деп таныстырған маманнан кеңселерін неге жиі ауыстыра беретінін сұрадық.

– Рас, біздің тұрақты өзіміздің кеңсеміз жоқ. Кеңсені жалдап тұрамыз. Жалдау мерзімі біткен соң мекенжайымызды ауыстыруға мәжбүрміз. Ал жалдайтын кеңсені өзіміз іздеп табамыз. Почтальондар участкаға шайқанда қай жерден «жалға береміз» деген хабарландыру көрсе, бірден хабарлап айтады. Егер кеңсе жұмысымызға қолайлы болса, басшылыққа хабарлаймыз», – дейді бөлімше жетекшісі.

Ботагөз Әшірбайқызы орындарын жиі өзгерткен сайын халық тарапынан айтылатын өкпе-реніш те, шағым да көп дейді.

– Кеңсеміз ауысқан сайын оқырмандарымыздан сын-ескертпелерді жиі естіміз. Біз өзімізге бекітілген аумаққа ғана қызмет көрсетеміз. Бірақ шет аймақтан, саяжайлардан келіп, басылымдарға өздері жазылған тұрғындар көп. Олар газетті өздері келіп алады. Кім де болса, жазылған газет-журналы уақытында қолына тимесе, шағымданады ғой. Шынымен де, тұтынушыларға қиын болып тұр. Сондықтан олардың базинасы орынды деп есептейміз, – дейді ол.

№52 бөлімше де жабылып қалуы мүмкін

Біз мақала жазу барысында біраз пошта бөлімшелерінің тыныс-тіршілігімен танысуға тырыстық. Бірақ мүмкін болма-



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСКҰЛЫ.

● КЕРЕК ДЕРЕК

Алматы қаласы бойынша 45 қалалық пошта байланысы бөлімшесі, 12 төлем қабылдау пункті жұмыс істейді.

ды. Өйткені, біз іздеп барған мекенжайдағы бөлімшелер жабылып қалған. Солардың бірі – Құрманғазы көшесі мен Масаншы көшелерінің қиылысында орналасқан №22 пошта бөлімшесі. Коммуналдық төлем, посылка, газетке жазылу, ақша аударымдары секілді қызмет түрлерін көрсетіп тұрған бөлімше осы маңайдағы біраз жұрттың қаласына жарап тұрған. Қазір ол жерге «Lamoda» атты дүкен жайғасыпты. Аты да, заты да жоқ болғандардың қатарында Яссауи көшесіндегі №25 пошта бөлімшесі де бар. Ал «Каменкадағы» №67 пошта бөлімшесі №52 поштамен біріктіріліп, кейіннен оқырманы, тұтынушылары азайып кеткен соң жабылып қалған. Енді «мекенжайын ауыстыра беретін» №52 пошта бөлімшесі №36 поштамен қабаттасып, бір кеңсеге орналасыпты. Демек, бұл пошта да алдыңғы №67 бөлімшенің кебін киіп, жабылудың аз алдында тұр деген сөз. Өйткені, аталмыш пошта бүгінде тұтынушыларына бұрынғыдай қызмет түрлерін көрсете алмайды. Себебі, мүмкіндік жоқ. Бөлме тар, тұтынушыларға қызмет көрсетуге арналған терезе қарастырылмаған. Мамандардың айтуынша, бөлімше қазір тек зейнетақы берумен ғана шектеліп отыр. Сондықтан олар басшылық тарапынан бекітілген межелі жоспарды орындай алмай жатыр. Ал жоспар орындалмаса, қызметкерлер жалақысына қосымша берілетін сыйақыдан айырылады екен. Бұл поштадан 560 алматылық тұрғын зейнетақы алатын. 2024 жылға 660 оқырман газет-журналға жазылған. Коммуналдық төлем мен посылка жіберушілерде есеп болмайтын.

Енді көпшілікті мынадай сұрақ мазалайды. Пошта бөлімшелерінің жабылуының астарында не бар? Бұл қаражат үнемдеудің жолы ма, әлде бөлімше санын азайту ма? «Қазпоштаға» кеңсе салуға не кедергі?

Жақсыны да айтайық...

Біз «Қазпоштаның» біржақты пікірмен қаралаудан аулақпыз. Мекеменің жұмысында жақсы өзгерістер де бар. Мамандардың айтуынша, қазір жалақылары бұрынғыға қарағанда көтерілген. Бір жылдары 70–80 мың теңге жалақы алатын хат тасушылар, қазір 169 000 теңге айлық алады. Жолақылары төленеді. Бөлім басшыларының жалақысы 220 000 теңгеге өскен. Егер жоспар орындалса, үстеме сыйақы беріледі. Қазір баспасөзге жазылу азайғанымен, пошта арқылы заттай сәлемдеме тасымалы, қаржылық, агенттік қызмет түрлері жанданған. Одан кейін поштаға көбінесе зейнеткерлер зейнетақысын алуға, тұрғындар коммуналдық төлем қызметтерін төлеуге барады. Өйткені, пошта

арқылы төлем жасайтын белгілі бір санаттағы азаматтарға комиссияның 50% төлеу жеңілдігі қарастырылған. Ал оқырмандар газет-журналдары үшін келеді. Ендеше, бізге пошта бөлімшелерінің жабылғаны емес, керісінше қызметінің жанданғаны қажет емес пе?!

«Баяғы жартас...»

«Қазпоштаның» сапасыз қызметі туралы біз былтыр да сыни мақала жазғанбыз. Ол кезде мекеме басшылығы мәселенің барлығы жаңа жүйеге ауысуға байланысты қиындық туғызып отырғанын, ал оқырмандарға уақытылы газеттің жеткізілмеуіне мобильді қосымшаға пошташылар мен курьерлердің үйренісе алмай жатқаны себеп деп ақталған болатын. «Қазпошта» АҚ Алматы қаласы бойынша директорының орынбасары Нұрдәулет Қабылов «мәселе жақын арада шешімін табады, қызметкерлердің табысын арттырып, барлық жағдайын жасаймыз» деп уәде де берген. Бірақ «баяғы жартас – сол жартас».

№52 пошта бөлімшесінің қызметкерлерімен сөйлескенімізде, олар барлық мәселені басшылар ғана шешетінін айтты. Себебін білмек ниетпен Алматы поштамтының директоры Нұркен Рүстемнің атына 24 қаңтар күні арнайы қызметтік хат жолдадық. Бірақ хатымызға жауап бермеді. Араға 20 күн салып, 14 ақпанда мекеме басшысына телефон соқтық. «Қазір денсаулығыма байланысты демалыстамын, орынбасарларым жауап береді» деген соң оған да келістік. Сәлден кейін директорының орынбасары Берік Құсайыновпен сөйлестік. Жоғары жаққа жалтандап үйреніп қалған әдегіміз емес пе, пошта өкілі жолдаған сауалдарымызға Астана қаласындағы Бас кеңсе мамандарының келісімінен кейін ғана жауап беретінін айтты.

«Жас келсе – іске» деген, «Қазпошта» АҚ-на жас басшылар келгенде пошта саласы жаңаша бағытпен түрленеді деп күткен едік. Бірақ... Қосылғыштардың орны ауысқанымен, қосындының өзгермейтіні секілді басшылары ауысқанымен, пошта қызметінде қазақ баспасөзі үшін ауыз толтырып айтарлықтай шекесі қызып тұрған жұмыс қазірше болмай тұр.

Егер пошта бөлімшелерінің тұрақты орны болмай, көшіп-қонып, халықты әуре-сарсаңға сала берсе, ол да газет-журналдың азаюына әкеледі. Бұрын оқырмандарымыз «газетім қолыма тимеді» деп шырылдаушы еді, енді «пошта бөлімшелерін таппай қалдық» деп өкпелейтін болды. «Жығылған үстіне жұдырық». Өзірше біз көтерген мәселенің түйіні осы...

● БЕТ ҚАТТАЛЫП ЖАТҚАНДА

Тақырыпқа орай біздің сауалдарымызға мекеменің Айман есімді қызметкері төмендегідей жауап жолдады.

– №52 пошта бөлімшесінің мекенжайы неге жиі ауысады?

– №52 пошта байланысы бөлімшесі қазіргі уақытта №36 пошта байланысы бөлімшесімен бір ғимаратта – №10 шағынауданның 22 үйінде орналасқан. Бөлімше жалға берушімен жасалған шарттың қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты жабылды.

– Неге оларда тұрақты кеңсе жоқ? Бөлімше қашан заман талабына сай жарактанған кеңседе отырады?

– Қазіргі уақытта филиалда бір пошта бөлімшесі жабылды, екеуі уақытша жұмыс істемейді. Бүгінде Алматы поштамты бөлімшенің жұмысын қалпына келтіру мақсатында ғимарат іздеумен айналысып жатыр. «Қазпошта» АҚ бөлімшелердің кең тараған желісіне ие бола тұрып, инфрақұрылымның тозуының үлкен проблемасына тап болды. Жақын арада бөлімшелерді жаңарту шаралары

біртіндеп басталады. Барлығына ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілетін болады. Компания клиенттерге ыңғайлы және қауіпсіз қызмет көрсету үшін бар күшін салады.


– Бүгінге дейін қанша кеңсе жабылды? Мәселен, Құрманғазы–Масаншы көшелерінің қиылысында да пошта бөлімшесі болған. Ол неге жабылып қалды? Себебін білгіміз келеді.

– Құрманғазы мен Масаншы көшелерінің қиылысында орналасқан №22 пошта байланысы бөлімшесі Қабанбай батыр көшесі, 142 мекенжайына көшірілді. Дислокацияның себебі күрделі жөндеу жүргізудің шұғыл қажеттілігі болды.

– Пошта бөлімшелері орындарын жиі ауыстырып, жабылып қала берсе, оқырмандар газеттерін қалай алады?

– Жабылған кезде көршілес бөлімшелердің пошташылары абоненттерге газет-журналдарды уақытымен жеткізеді. Бөлімшелердің жабылуы мерзімді баспа басылымдарының жазылым арқылы жеткізілуіне ешқандай әсер етпейді. Жеткізу алушылардың көрсетілген мекенжайлары бойынша уақытылы жүргізіледі.

P.S. Құрметті оқырман! Алдағы уақытта пошта бөлімшелеріне жеке-жеке тоқталып, олардың тыныс-тіршілігі, қызмет сапасы туралы мақала жазатын боламыз. Ал әзірше «Қазпоштаның» берген уәдесін ескеріп, №52 пошта бөлімшесінің жаңа кеңсеге көшетін күнін күтейік...



№36 поштадан №52 бөлімшеге бұйырған орын осы ғана!



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Бұрын қазақ жерінде, ұлы дала төрінде бір қиық орамал сезім білдірудің де тамаша символы болған. Қыздар өзіне ықыласы ауып үнсіз жүрген жігітке деген ілтипатын кестелі орамал сыйлау арқылы білдірген.

Үйімізге қонаққа келген үлкен кісілер кәмпитіне қосып міндетті түрде орамал алып келеді. Өзіміз де сөйлеміз, шәй, тәттіге қосып ала барамыз. Орамалсыз сыйлықтың сәні болмайтындай.

«Орамал тонға жарамаса да, жолға жарайды», «Орамал тон болмайды, жол болады» деген орамды сөздер бекер айтылмаса керек. Орамалды құрмет тұтатындар мойнына салады, қадіріне жеткендер басына тартады.

МӘМІЛЕ

Қазақ әйелінің ақ жаулығы араздасқан екі тарапты бір мәмілеге келтіру, екі жаққа араша түсу қызметін де атқарған. Бұл көбіне қыз, жесір дауы кезінде, екі рулы елдің арасына сызат түсуге шақ қалған сәттерде болған. Сондай-ақ, өзге де келесіз жағдаяттар кесірінен ағайын арасына сызат түсіп, талас-тартыс туындап, тіпті ол ауыл-ел өмірін ала тайдай бүлдіретіндей жағдайға жетіп өршіген тұста, ауыл-аймаққа беделді аналар, әжелер екі жақты мәмілеге келуге шақыру мақсатында басындағы жаулығын ортаға лақтырған. Ал ананы сыйлайтын, ақ орамалдың қасиетін бағалайтын ерлер оны атап өтуге киесінен қорқып, жұдырыққа емес, уәлі сөзге тоқтаған.

ҰРПАҚ

Қазақ қызы басына үкілі такия киген. Ұзатылып, оң босабадан атағанда, сол әулеттегі сыйлы ана «бүгіннен бастап қыз дәуреніңмен қосыластың, енді келін болдың» деп басына орамал салған. Қазір де келінге орамал салу дәстүрі мән-маңызын, құндылығын жоғалтқан жоқ. Бұл үрдістің қазақтың сүйегімен кететініне бек сенімдіміз әрі қуанамыз.

Иә, жас келін үшін орамал жаңа өмірдің басталғандығының символы. Яғни ақ жаулық – қыз емес, келіншек, біреудің жары, отбасылы екенінді білдіретін белгі. Ендігі жерде сол орамалдың әдебін сақтауға міндеттісің деген сөз.

Адамның шашы барлық теріс энергияны тез тартып алатын қасиетке ие, ауадағы шаң-тозанды да өзіне жинап, сіңіріп алады. Қазақ әйелі баласын орамалсыз емізбеген. Тамақ істегенде де жалаңбас тұрмайды, шашы тамаққа түседі. Ертеде аналарымыз «Орамал деген сендерді жамандықтан қорғап тұ-

Орамал

әйелдің болмысын толықтырып тұратын көркі, ары мен сәні, әдемілік символы

ратын мықты қорғаушы. Жалаңбас жүрмендер, ырымға жаман» дегенді айтып отырудан жалықпаған. Демек, басында орамалы бар әйелдің ауру-сырқаудан алыс болатыны айтпаса да түсінікті. Ал әйел-ана сау болса, ұрпақ та сау деген сөз.

АҚ ЖАУЛЫҚ

...Ауылға келгеніме екі апта. Ертең жолға шығамын. Сондықтан бүгін анамның ұядай жылы бөлмесіне жаттым.

Шешем пештің түбінде. Мен жанында. Менің жанымда кішкентай қызым пысылдап ұйықтап жатыр. Бөлмеде үстел шамы. Анам жүзін маған бұрып бір қырымен жатыр. «Айналайын, бір түйір қызым, аман жүр қашанда!» деп күбірледі бір кезде. Ал мен өз қызым жатқан жаққа қарайлап қоямын, «көрпесін ашып тастамады ма екен» деп, «күнім» дедім сосын күбірлеп...

...Ал бүгін жаулығы ағараңдап анамның мені бұрынғыдай қарсы алмайтынын білсем ғой...

БОСАҒА

Адам аяғы сәл саябырсып, кенже екі келін шөлшек, бауырсақ пісіру қамына, ал үлкен жеңгем Сәуле екеуміз анамның жамбасы жерге тигеннен кейін, бөлмесін ретке келтіруге кірісе бастағанбыз.

Жеңгем шешемнің бөлмесіне таяй бере, иіліп сәлем етіп барып енгенде, жүрегім тулап кетті. Бейне анам тірі, пештің түбінде мызғып алуға жатқандай әсерленгенім. Тамағым тас кептіріп қалды сосын. Анамды іздеп жүрмін...

Қазақта босағаға сәлем салу салты барын білемін ғой, бірақ көзбен көрген тым әсерлі екен. Біздің дәстүр неткен ғажап!

Жеңгемді жақсы көріп кеттім.

АЙНАЛАЙЫН!

Күн салқындау. Денем тітіркеніп тоңғандаймын. Шешем қайтыс болғанда көзіндей көріп, үстіме үй ішінде іліп жүрейін деп бір жылы жемпірін, сосын шағын шәлісін ала келген едім. Бірақ сол бойы шкафта тұрды. Тонғасын, әлде анамнан демеу тіледім бе, білмеймін, жүннен тоқылған шәліні басыма тағып, ал жемпірді киіп алдым.

Үстімдегі өзгеше жемпірді, басындағы орамалды бірден тани қойған кішкентай қызым жүгіріп келіп аса бір сүйіспеншілікпен түймелерін салып берді. Келесі бөлмеде отырған ағасына:

– Олжа-а-ас, әже келді! – деп қояды күлімдеп. Көзімнен жас шығып кетті.

Шешеме «жалғыз қызың болсам да менің балаларымды бауырыңа баспайсың, ұлдарыңның бала-шағасына жакынсың» деп өкпелеуші едім. Менің ұл-қызыма арнайтын сөзі «Айна-а-лайын!»



Сурет: ашық дереккөздерден.

ғана болатын. Онда да бір жылда бір-екі аптаға ғана баратынбыз.

Баланы алдай алмайсың, ол риясыз көңілді дәл таниды. Қызым шешемнің жемпірін киіп тұрған мені ұза-а-ақ құшақтап тұрды. Кішкентай жүректің мұнысын «айналайын» деген сиқырлы сөздің иесіне құрмет көрсетіп тұрғаны деп білдім.

Бүгін анам түсіме кірді...

ШАРҚАТ

Біздің жакта жүн орамалды, шәліні шарқат дейді. Компьютерде ұзағырақ отырып қалдым білем, бойым тоңазыды. Шешемнің шарқатын иығымға жамылып алдым. Шап-шағын болса да жып-жылы, өне бойыма жылылық тарап сала берді.

Сәлден соң қызым екеуміз сыртқа шықпақшы болып едік, «әженің орамалын тартайыншы» деді. Сосын басына тартып бердім.

– Ух, жылысын-ай! – деп қояды өзі.

Менің түйгенім: анаңның өзі кетсе де, жылуы мәңгі қалады екен...

НАҒАШЫ

Ауылға анамның жылдық асына барғанда Шымкенттен келген әпкем «енді қайғы болмасын, бастарың ылғи ағарып жүрсін» деп иығымға қымбат орамал жауып еді. Матасы жұмсақ екен. Әдетте үйге келген мейманның әкелген жақсы сыйлығын өзіне қимай, «сандыққа»

салып қоятынын бар әйелдердің. Ондағысы – мен де бір жақыным сыйлармын дейді ғой.

Мына орамалды үйіпедім. Айттың алғашқы күні жұмыс орныма, әріптестеріме дастархан жайып, анама бағыштап Құран оқытарда тағып алдым.

Ауылда жас келіндерге дейін орамалсыз жүрмейді. Кеше садақада байқағаным, желге тотығып, күнге күйіп, күйкі тірліктен титықтап азыңқырап жүрген кейбір ауыл келіндерінің жүзін де ерекшелеп тұрған осы орамал!

ТӘРБИЕ

Қазанға ет салып қойған. Қамыр илемекші болып еді, үн бітіп қалған екен. «Еттің пісуіне әлі бірталай уақыт бар, жақын маңдағы базарға барып келе қойайын, басқа да керек-жаракты ала келермін», – деп ойлады. Бірақ шашы ұнамады, сосын ақ орамал байлай қойды.

Базарда кісі көп. Ұнға барған адам балаларына жылы шұлықтар таңдап кетті. Әйел деген сол ғой. Шәй демдейтін шәйнек те ұнай қалды. «Жүзім алсаңшы, қызым», – деп жылы сөйлеген әжейдің де көңілін қимай, бір келі жүзім сатып алды.

Байқағаны – бұл кейуана ғана емес, базардағы өзіне жолыққан сатушының бәрі бұған жылы, абайлап (сізресе, жастар жағы), өзгеше ілтипатпен қарағандай болып көрінді.

Әйел олардың өзіне емес, басындағы ақ орамалға құрметпен

қарағанын түсінді. Түсінді де, қайнаған базарда жүріп сол орамалға лайықты болуға, дұрыс сөйлеуге, әдепті көрінуге тырысты.

Адам тұрмақ, бір қиық орамал да әйелді тәрбиелей алады екен-ау! Өзін жеңіл сезініп үйіне оралған әйел айнаға қарады. Айнадан ақ жаулықты анасын көрді...

(Базарға шыққан кейіпкер өзім еді).

СИҚЫРЛЫ

Үйге күтпеген қонақ келіп қалған. Демалыс, шашым жуылмай тұрған соң, ыңғайсызданып орамал тартып алған едім.

Қонақтар кеткен соң ыдыс-аяғымды жуып тастап, сәл мызғып алайын деп жата қалғанмын, әлгі орамалды шешпестен. Әдеттегідей ұл мен қыз да жантая кетті жаным (мұндайда марқұм шешем, «ұйықтата ма бұлар» деп зілсіз ренжуші еді).

Бетімнен алма-кезек сүйіп жатып ұлым кенет:

– Анашым, сіздің бетіңіз әдемі-і болып тұр ғой, – деді алақанымен жұмсақ қана аялай сипап өтіп.

Әлгі орамалдың сиқыры ол! Оның құдіреті балаға да сезіліп тұр, ә?!

Марқұм Гүлбаршын жеңгем басынан орамалын бір тастамай кетті ғой! Алғаның (Ақтөбе облысы) қызы еді, орысша өскен. Мен ол кезде оқушымын. Есімде, келін болып түскен күнінен орамал салды. Кейде алып тастап, жалаңбас жүретін. Сырттан кіріп келе жатқан үлкен кісілерді көрсе, басына байлап ала қоятын.

Бірде шешем «ыңғайсыздық тудырып жүрсе тақпай-ақ қой» деді. Бірақ тақпай жүре алмады. Тіпті кейін: «Орамалымды шешсем, басым ызғып, тонып тұратындай», – дейтін күнге жетті марқұм.

P.S.

Сонымен, орамал – әйелдің болмысын толықтырып тұратын көркі, қала берді денсаулығы дедік. Тіпті, ары мен сәні деп әспеттесек те артық емес. Орамал да – әдемілік символы. Тек оны түмшаланбай, қазақша таға білейікші. Бұрынғыдай емес, қазір орамал тағудың түрлі заманауи әдісі бар. Кез келген киімнен үйлестіріп байлап алуға болады. Сондықтан қазақтың орамалы – ол өміршен дүние.



Нұржамал ЖАПШЕВА, журналист.



ҚАУІП ҚАЙДАН?

ШЫНАЙЫ ӘЛЕМ МЕН ӘЛЕУЖЕЛІ
аражігін ажырата алмайтын ұрпақ қалыптасты

Ғаламтор өміріміздің бір бөлшегіне айналғаны анық. Күніміздің жартысы әлеуметтік желіде отырумен кетеді. Ақпарат аламыз, қызықты бейнежазбалар көреміз, өміріміздегі маңызды сәттермен бөлісеміз. Алайда, алтын уақытымыздың бос кетіп жатқаны өтірік емес.

Ернұр
РЫСБАЙ

Қазіргі уақытта әлеуметтік желі өмірімізден ойып тұрып орын алды. Адамдардың бір-бірімен сөйлесуі азайды. Гаджетке телміріп, айналамыздағы заттарды байқамай қалып жатамыз. Адамдар бір оқиға бола қалса, көмектесуге асықпайтын болған. Бірінші ойға келетіні телефонға түсіріп, желіге салу. Әлеуметтік желіде отырып, ол жердегі ақпарат қаншалықты ұнаса, соғұрлым көп уақытын сонда өткізеді. Яғни әлеуметтік желіден басқалардың бақытты өмірін көреді, қызығады. Одан соң өзінің өміріне көңілі толмай психологиялық ауытқу пайда болуы мүмкін. Бұның салдарынан шынайы әлем мен әлеуметтік желінің аражігін ажырата алмайтын



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ

жастарымыз қалыптасуда. Әлем халқының 76 пайызы әлеуметтік желімен «тыныс алады» десем артық етпес. Адам миының мүмкіндігі шексіз. Ал ғаламтор оның жұмысын бұзуы әбден мүмкін. Ғалымдардың айтуынша, әлеуметтік желіден алған жағымды эмоциялар «арзан дофамин» деп аталады. Әркез адам өзіне ұнайтын пікірді көрген кезде мида рахат, ләззат алу сезіміне жауапты жүйке талшықтары тітіркенеді. Әлеуметтік желіден ақпараттық тойымсыздық пайда

болады. Қайта-қайта кіріп жаңа ақпаратты көруге әуес болып тұрады. Бұл нәрсенің салдары мидың шаршаңқы жұмысына алып келуі әбден мүмкін. Балаларымыздың жастайынан ғаламтор тәрбиелеуде. Ата-аналар баланың болашағы жайында ойланса дейміз. Бесіктен белі шықпай жатып әлеуметтік желіге тәуелді болу қорқынышты жағдай. Осы орайда, әлеуметтік желінің табыс табамын, өзімді дамытамын, басқаларға көмектесемін. Интернет болмаса анықтадық.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Әйгерім СЕРІКҚЫЗЫ,
педагог-психолог:

Бала психологиясын бұзады

Қазіргі уақытта мектеп оқушыларына әлеуметтік желілер кері әсерін тигізуде. Балалардың қызығушылығы мен сенімділігі жоғары болады. Олар көргенін қайталауға құмар келеді. Виртуалды өмір балалардың көңілін толықтай аулауда. Сабақ үлгерімдерінің төмендеуіне бірден-бір себеп. Әлеуметтік желінің оқушыларға әсер етіп жатқанын білу қиын емес. ТикТок желісінен көргенін, естігенін қайталап жүргенінен-ақ байқай аламыз. Бір-біріне «трендтегі» жүрген мәдениетсіз сөздерді айтып жатады. Яғни бұл фактор бала психикасына өте зиян. Тіпті, болашақ мамандықтарын желімен байланыстыруда.

Бірнеше күн бұрын менің қабылдауымда бір оқушы болды. Бесінші сыныптың оқушысының арманы «блогер» болу екен. Айтуынша, сабақты да сол себепті де оқымайды. Бұл жерде бір нені көре аламыз? Оқушылар күннен-күнге еріншек болып барады. Бар қызығушылығы әлеуметтік желімен байланысты. Біз мәселенің шешімін тәрбиеден көреміз. Ата-ана күнделікті баланы қадағалауы маңызды. Баланың ғаламтордан не көріп, кіммен сөйлесіп жүргеніне мән беру керек. Сонымен қатар, баланың телефонын қадағалайтын арнайы бағдарлама енгізіп қойған жөн болады. Әлеуметтік желілер баланың психикасына әсер ететіні анық.

Жанерке МҰРАТ,
студент:

Маймылға берілген банан

Күнделікті бірқалыпты сүріп жатқан өміріміздің мәселесі қолына «смартфон» ұстағандардың бәріне ортақ. Қазір том-том болып жатқан көркем әдебиетті біреуін түсініп оқуым үшін, кем дегенде бір ай керек. Кітап оқып бастаған алғашқы 5–10 минутта өзіме керек ләззат гормонының бөлінгенін сезбесем, кітап бетін жабуым тез. Себебі, мен әлеуметтік желіден 5–10 минутта «дофамин» алып үйреніп қалғанмын. Сағаттап отырып фильм қарай алмаймын. Себебі, фильмнің қысқа әрі, қызық жерлерін ғана керу ыңғайлырақ. Достарыммен ұзақ уақыт бір тақырыпты талқылау оңай емес. Себебі, көптеген қысқа-нұсқа сөйлейтін, эксперттердің бейнежазбасына үйреніп қалғанмын. Бұған себеп – арзан дофаминге тәуелді болып қалу. Жақында ғалымдар шимпанзеге эксперимент жасағанын оқыдым. Оларға кубик рубиктың оңай формасын құрауды үйреткен. Әр құраған сайын сыйға банан беріп отырған. Эксперимент мақсаты – барлық процесс барысында мидың ләззат гормонының қай сәтте көбірек бөлінетінін анықтау.

Ғалымдардың болжауынша, «дофамин» гармонь, маймылға банан берген кезде бөлінуі керек болған. Алайда, гормон кубик-рубикты жинап болған сәтте көп бөлінген. Бұл сапалы дофамин екенін көре аламыз. Шимпанзе миын іске қосты. Бананды алған кезде де дофамин бөлінді, бірақ ол сапасы жағынан бәсеңдеу. Дофаминге сипат берсек. Шимпанзеге бананды жай беретін болсақ, біраз уақыттан соң ол кубик-рубиктен жалығады. Өйткені, ол «банан» деген дайын өнімге үйреніп қалды. Дәмді асты арзанға алғаннан кейін шимпанзе кубик-рубикты жинап, миын қинағысы келмей қалады. Бұл – дофамин шұңқыры. Көп адам шалдыққан ауру. Ақпараттың сапасына қарамай, барлығына үлгергіміз келеді. Алайда, біз дәл қазірмен өмір сүруді ұмытып, жеңіл әрі сапасыз өмірге үйреніп қалғандаймыз.

Еңлік БОЛАТБЕК,
мобилограф:

Уақыттың қас жауы

Қазіргі уақытта ғаламторсыз өмір сүру мүмкін болса да, өте қиын. Жеке өз басым әлеуметтік желіге көп уақыт жұмсаймын. Қазір «мобилограф», «SMM» саласында қызмет етемін. Күнімнің көп бөлігін әлеуметтік желіде өткіземін. Сол арқылы табыс табамын, өзімді дамытамын, басқаларға көмектесемін. Интернет болмаса өмірім қиын болатынына сенімдімін.

Себебі, жұмыстың бәрін онлайн түрде істеп үйреніп қалғанмын. Жалпы айтқанда, әлеуметтік желінің пайдасы көп. Біреулер наным тапса, енді біреулердің өмір салтына айналған. Танымал болу біз ойлағаннан да тез. Кейбіреулер әлеуметтік желіде кәсібін домалатуда. Әрине, уақытыңды қадағалау қажет. Өйтпесе, әлеуметтік желі алтын уақыттың қас жауына айналуы әбден мүмкін. Балкім, ғаламтор болмағанда өмірім қызық емес болар ма еді. Себебі, жанымда телефоным бес минут болмай қалса, не істерімді білмей кетемін.

Нүрсұлу УТЖАН,
көпбалалы ана:Баланы
өзіміз тәрбиелейік

Бұрынғы ғаламтор жоқ кезде өмірді қалай сүрдік. Жаңалықтың барлығын газет, радио, теледидар арқылы білетінбіз. Ал қазіргі заманда ғаламторға да үйреніп қалдық. Дүние жүзіндегі бар жаңалықты әлеуметтік желіден біліп отырмыз. Балаларға телефонды сабақ оқыған кезде ғана беруге болады. Қалған кезде жыласа да берудің қажеті жоқ.

Себебі, ғаламтор баланың ойлау қабілетін, тіл байлығының дамуын тежейді. Көздің көру қабілеті нашарлатады. Бар бос уақытын гаджетке жұмсайды. Баланың жасына лайықты емес ақпарат көп. Психикасына кері әсерін тигізеді. Ғаламтордан алған білім тез ұмытылады. Баланың тілі кеш шығуына да себеп осы. Бір жасқа толмай жатып телефон беру қауіпті. Ата-аналар балаларына зиянын тигізіп отыр. Кішкентайынан гаджетке әуес болу армансыз, мақсатсыз бала қалыптастырады. Ал біздің болашағымыз білімді жастар. Сондықтан тәрбиені бесіктен бастағанымыз жөн болар.

ТҮЙІН:

Әлеуметтік желінің адам өмірінде пайдалы жастары да бар болғанымен, зияны жайында ұмытпағанымыз жөн болар. Алтын уақыттың қадірін біліп, қазіргі уақытпен өмір сүріп үйренген дұрыс. Әлеуметтік желінің жүйесі уақытты ұрлауға бағытталған. Жақындарымызбен виртуалды өмірде емес, шынайы өмірде байланыс құрайық.

МӘДЕНИЕТ

Қазақтың классикалық
музыкасы:ТҰҢҒЫШ
КВИНТЕТ!

Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясының ішінен Мемлекеттік классикалық гитаристер квинтеті құрылды. Қазақ өнер әлемінде тұңғыш рет құрылған квинтет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен жүзеге асты. Квинтет құрамында Қазақстанның жоғары оқу орындарында білім алған талантты гитара аспабының шеберлері жасақталған.

Досбол
АТАЖАН

Осыған орай, Жамбыл атындағы қазақ мемлекеттік академиялық филармониясында 20 наурыз күні «БасТау» атты концерт өтеді. Филармония басшылығының хабарлауынша, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен, демеуімен желкенін керіп, жолға шыққан квинтет қазақтың классикалық музыкасына жаңаша леп сыйламақ. Ұжым Бауыржан Жылқыбаев, Ақбар Қиарыстан, Ұланбек Ахметов, Асан Нарбота, Зәуре Нарбота сынды талантты гитаристерден құралған.

– Қазір ескінің тозып, жаңаның өніп келе жатқанын бейнелейтін заман болып барады. Яғни әлемдегі жаһандану мәселесі қазақты да айналып өтпейді. Барлық ғылым саласын бір шарпып өтетін бұл ұғым мәдениеттің де дамуына әсер етіп жатыр. Бұл кезеңдегі мәдени қозғалыстың ерекшелігі – осы салаға деген қызығушылығы бар шығармашыл жастардың белсенділігінің артуы дер едім. Жаңа буын өмірді боямалап, бір жақты көрсетуден бас тартып, заманның ағымына сай әуендермен танытуға тырысуда. Сондықтан түрлі бағыттардың басталуына және дамуына үрке қараудың, байбалам салудың қажеті жоқ. Бұл квинтеттің өмірге келуі де осы мүддеден дер едім, – деді квинтеттің көркемдік жетекшісі Бауыржан Жылқыбаев.

Тарихқа үңілсек, қазақ әуезінің гармониясы домбыра-қобыз бұрауынан шығатындықтан, алты ішекті шертпелі музыкалық аспап-гитара үнінің қазақы мақамға иілгені ХХ ғасырдың ортан белі. Оны алғашқылардың бірі болып қазақы мәнгерде күйкылжытқан Қорабай Есенов «қазақ гитарасының атасы» деп танылатыны тағы бар. Қалай десек те, испанның темір ішекті аспабының осыдан былай қазақ өнерінде қалғаны қалған. Тақ-түк еткен жаттанды дыңғыр емес, кәсіби мамандардан құралған квинтет сол сазды қайта түлетпек.



ОҢАЛТУ

ДАУН СИНДРОМЫ

Балалар ертегілерді, бесік жырын және басқа да әндерді рахаттана тыңдайды



(Сурет: ашық дереккөзден).

Қалалық балалар оңалту орталығында даун синдромы бар өрендер кешенді оңалту курсынан сәтті өтіп жатыр, деп хабарлайды Алматы қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының баспасөз қызметі.

СҰРАҚ-ЖАУАП

«Ыстықтап барамын, дем жетпей тұр»

Әйелде климакс басталғанда қандай белгілер пайда болады? Мен, мәселен, ештеңе сезбеймін, ал құрбым терлеп-тепшіп, ырсылдап қалады немесе күн суық бола тұра, «ыстықтап барамын, дем жетпей тұр» деп есік-терезесін ашып тастайды. Бір адамның сезінуі, ал екінші адамның сезінбеуі қалыпты жағдай ма? Айтпақшы, бір әйелде климакс тым ерте, мәселен, 37 жасында басталған, ал екінші бір танысым 55 жаста, бірақ онда климакс жоқ. Бұл да қалыпты жағдай ма?

ҚҰНДЫЗ,
49 жаста, көпбалалы ана.

Оқырман сауалына №7 қалалық клиникалық ауруханасы емханасының әйелдер кешенінің меңгерушісі Жанар БАЙМАШ жауап береді.

— Иә, ол қалыпты жағдай. Медицинада дәрігерлер климакстың пайда болуын 4 типке бөледі: уақытынан бұрын басталу — 40 жасқа дейін; ерте басталу — 40 жастан 44 жасқа дейін; уақытында басталу — 45 жастан 55 жасқа дейін; кеш басталу — 55 жастан кейін.

Климакс — ағзадағы репродуктивті жүйенің картаюы және етеккірдің мүлдем тоқтауы. Алғашқы белгілеріне тоқтала кетейін. Бірінші вазомоторлы белгілері: аяқасты дененің жоғарғы жағын ыстық басу, дірілдеп тоңу, дененің жылу регуляциясының бұзылуы, жүректің жиі соғуы, жиі бас ауруы, құлақтың себепсіз шуылдауы, артериалдық қан қысымның жоғарылауы. Бұл белгілер көбіне түнгі уақыттарда жиі болады. Урогенитальді белгілері: қынаптың құрғақтығы, жыныстық қатынас кезінде ауырсыну, кіші дәретке жиі отыру және кіші дәретті ұстай алмай қалу. Эндокринді алмасудың бұзылыстары: қанда қанттың (глюкоза) және холестерин мөлшерінің жоғарылауы, қан тамырларында атеросклеротикалық бляшкалардың пайда болуы, артық салмақ қосу, әсіресе, ішке май жиналады, шырышты кабаттардың құрғауы, терінің болбырауы және әжім түсу. Сүйек-бұлшықеттегі белгілер: сүйектің тығыздығы төмендейді, остеопороз, сыңғыштық, стоматологиялық ақаулар. Остеопороз 50 жастан асқан әйелдердің 34%-ында кездеседі. Тістерде де өзгерістер болады, эмаль жуқарып, стоматологиялық ақаулар көбейеді. Психозомоционалды белгілері: тез ашушандық, тез жылап қалу, есте сақтау қабілетінің төмендеуі, ұйқының бұзылуы, апатия, қорқыныш сезімінің пайда болуы, жыныстық қатынасқа деген қалауының төмендеуі.

Иә, климакстың ешқандай белгісін сезінбейтін әйелдер де кездеседі. Жоғарыда айтылған белгілер әйелдердің 50%-ында кездесуі мүмкін, ал кей жағдайларда бұл белгілер айқын емес болғандықтан сезінбей қалуы да ықтимал.

КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК

«Зергерлік» ота сәтті өтті

Алматыдағы №7 қалалық клиникалық аурухананың нейрохирургтары ми тамырларына күрделі нейрохирургиялық отаны сәтті жасап шықты. 65 жастағы әйелге ишемиялық инсульт кезінде жаңа операциялық жүйені пайдалану арқылы «зергерлік» операция жасалды.

«Пациент оң жақ орта ми артериясы бассейнінде ишемиялық инсульттің клиникалық-неврологиялық симптоматикасымен келіп түсті. Сол жақ гемипарез, сол жақ бет бұлшық етінің орталық парезі, сөйлеудің бұзылуы — дизартрия. Шұғыл түрде ота жасалды. Селективті церебралды ангиография, онда оң жақ ішкі ұйқы артериясының офтальмиялық сегмент деңгейіндегі жіті окклюзия (тромбоз/тромбоэмболия) көрінісі анықталды», — дейді №7 Алматы қалалық клиникалық ауруханасының тамырлық нейрохирургия бөлімшесінің меңгерушісі Рауан Кастей.

Қанның ұюы ауыр зардаптарға және тіпті өлімге әкелуі мүмкін. Әрі қарай, бұрын клиникалық практикада кеңінен қолданылған ACE62 орнына, жаңадан енгізілген RED72 аспирациялық катетерін қолдана отырып, оң жақ ішкі ұйқы артериясынан қан ұйғығышының рентгендоваскулярлық механикалық тромбаспирациясы жүргізілді.

Нейрохирургтар жаңа катетердің артықшылықтарын жақсы бағалауда: тромбты алудың неғұрлым жоғары күшін қамтамасыз ететін ішкі саңылаудың кеңейтілуі, тегіс бақылау мүмкіндігі және неғұрлым алыс өту үшін жақсартылған гидрофильді жабын, нәтижесі — отаның сәтті жасалуына үлкен мүмкіндік береді.

Енгізілген бұл заманауи инновация пациенттерге жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету сапасын тағы бір сатыға көтерді. Айта кетсек, бұл бөлімшеде жыл сайын мидың әртүрлі күрделі патологиялары бар 600-ден астам науқасқа ота жасалады.

ДӘРІГЕР КЕҢЕСІ

КОФЕ

пайдалы ма, зиян ба?



Көп адамның өз өмірін таңғы хош иісті кофесіз елестете алмайтыны анық. Ал кофенің пайдасы мен зияны туралы көптеген пікір бары да жасырын емес. Алматыдағы №36 қалалық емхананың дәрігері Жансая Ескермес кофе ішудің пайдасы мен зиянын айтып, ерекше назар аударатын жайттарды тілге тиек етті.

Пайдасы:

— оның құрамында адамға сергек болуға көмектесетін және қуатыңызды арттыратын кофени бар. Ал мұның таңертең немесе фи-

Адам ағзасы миллиондаған жасушадан тұрады, олардың әрқайсысында 46 хромосома бар. Ал даун синдромы бар балаларда генетикалық мутация нәтижесінде 46 емес, 47 хромосома қалыптасады.

Даун-балалардың да өз әдемі әлемі бар дейді мамандар. Олар да қарапайым адамдарға тән эмоциялар мен сезімдерді сезіне алады. Ертегілерді, бесік жырын және басқа әндерді рахаттана тыңдайды. Ересектердің сөздеріне, дауысына еліктеуге тырысады, бұл әрине, олардың алғашқы сөздерін айтуына ықпалын тигізеді. Баламен үнемі сабақ жүргізу жақсы нәтиже беретіні сөзсіз, бұл бірте-бірте баланы құрдастарының арасында белсенді өмірге әкеледі дейді мамандар. Алайда, бұл синдромы бар баланың басқаларға қарағанда тез шаршайтынын ұмытпауымыз керек, сондықтан қажет болған кезде олар демалуы қажет.

Даун синдромы бар балалар туыстары мен жақындарының барынша қолдауының арқасында қалыпты өмірге араласа алады. Мысалы, олардың осы генетикалық патологиямен өмір сүретін заманауи американдық актер Крис Бурк немесе 1997 жылы Канн фестивалінде «Ең үздік ер адам» рөлі үшін бас жүлдені жеңіп алған Паскаль Дюкен сияқты қатарынан қалмайтын, табысты, алдыңғы қатарлы адам болып өсуі ғажап емес. Ата-аналар өздерінің балаларына әлеуметтік бейімделуге және өз жасындағы балалар арасында бақытты болып өсуіне өзгеден де жақсы көмектесе алатынын түсінуі керек. Қажырлы еңбек арқылы баланы толыққанды өмір сүруді үйрету — балаға да, ата-анасына да үлкен табыс.

ДӘРІГЕР МІНБЕРІ

«Аты жаман ауруды өздері өршітіп алады»...

Ерте анықталса, науқастардың 94%-ын толық емдеп жазуға болады

Жуырда Президент тапсырмасымен «2023–2027 жылдарға арналған онкологиялық ауруларға қарсы күрес жөніндегі кешенді жоспар» әзірленіп, бекітілді. Бұл — таяудағы бес жылда онкологиялық ауруларды ерте диагностикалау арқылы азаматтардың орташа өмір сүру ұзақтығын ұлғайтуға мүмкіндік береді. Бір сөзбен айтқанда, медицинаның осы бағытын дамыту үшін мақсат-міндеттер нақтыланған.

Онкология — гректің «қатерлі ісік және ілім» деген ұғымын білдіреді. Обыр жасушасы тез өсіп, белгілі бір уақытта қан және лимфа тамырлары арқылы ағзаның мүшелеріне тарайды немесе балалайды. Егер дер кезінде скринингтік зерттеулер жүргізілсе, онкологиялық аурулардың басым бөлігін ерте анықтауға болады. Обырды дер кезінде анықтау ем-домның нәтижелі болуына, пациенттердің өмірін ұзартуға, өмір сүру сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Мысалы, сүт безі обырын бастапқы кезеңде анықтаған жағдайда науқастардың 94%-ын толық емдеп жазуға болады дейді мамандар.

Қатерлі ісіктің қайдан пайда болатынын дөп басып айту қиын. Өкінішке қарай, адамға бірден білінбейді. Тек ісік өскен кезде, жан-жағындағы үлкен жүйке талшықтарын, тамырларын немесе асқазан, тік ішек, т.б. секілді ағза мүшелерінің саңылауын жапқан кезде ғана байқалады.

Қатерлі ісіктің пайда болу ошақтарының бірі — созылмалы аурулар. Сондықтан созылмалы ауруларды уақытылы емдеткен дұрыс дейді дәрігерлер.

Кейінгі кездері пациенттерден сүт безі обыры мен өкпе обыры жиі анықталып жатқан көрінеді. Қатерлі ісіктерді ерте сатыда анықтауға скринингтің көп көмегі тиетінін білу маңызды. Онкологиялық аурулар көбіне ылғалдылығы басым үйлердің тұрғындарынан анықталып жатыр дейді мамандар.

— Тұрғындарға айтарымыз, жергілікті емханадан скринингтен өту туралы хабарлама келсе, бас тартпау керек. Бізде қазір диагностикадан өтуге құлықсыз пациенттер кездеседі. Сол үшін науқас асқан адам саны артып келеді. Ауруды бірінші, екінші сатыда анықтасақ, емдеу жеңілдейді. Одан кейінгі сатыларда ресурстар көп кеткеннен бөлек, ауру асқынуы мүмкін. Сондай-ақ, пациенттер онкоскринингтен МӘМС шеңберінде тегін өту үшін тұрғылықты мекенжайы бойынша емханаларға қаралса болады, — дейді №8 қалалық емхананың бөлім меңгерушісі Зура Садирова.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Гүлнұр БАШАРОВА,
№8 қалалық емхананың
онколог-дәрігері:

Массаж жасап,
қыздыруға болмайды

Кейбір азаматтар онкология диспансеріне жіберген кезде қорқып, үш-төрт ай немесе бір-екі жылға дейін бармай, аты жаман ауруды өздері өршітіп алады. Бірнеше жыл жүріп қалғасын қатерлі ісікті тоқтату қиын, ары қарай өсе береді. Басқа бір факторлар әсер ететін болса, тіпті қиын. Кейбір науқастар ісікті қыздырады немесе массаж жасайды. Қатерлі де, қатерсіз де ісіктерді олай үгіп, уқалап (массаж жасап), басқа нәрселермен қыздыруға мүлдем болмайды. Ондайда қатерлі ісік өрши береді. Өршіген сайын жасалған емнің де тиімділігі төмендей береді. Науқастар дәрігерге обырдың жаңа басталып келе жатқан сатысында келетін болса, тазайындалған емнің тиімділігі, нәтижесі жоғары болады. Ауырмаңыздар!

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛІШЕВА.



КАНВОНДО–2024

ЖЕҢІМПАЗДАР
МАРАПАТТАЛДЫ

Премьер-министр Олжас Бектенов 19 қаңтар мен 1 ақпан аралығында Канвондода (Корея Республикасы) өткен IV қысқы жасөспірімдер Олимпиадасының жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне Мемлекет басшысының атынан Алғыс хаттар табыс етті.

Үкімет басшысы ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Алғыс хатын оқып беріп, спортшыларды қол жеткізген нәтижелерімен құттықтады. Премьер-министр бұл Қазақстанның жастар арасындағы қысқы Олимпиада ойындары тарихындағы алғашқы алтын екенін атап өтті. Жалпы медаль саны бойынша Қазақстан әлемнің 78 елі арасында 20-орынды иеленген болатын. Атап айтқанда, Алматы қаласының спортшысы Илья Мизерных тарихи нәтижеге қол жеткізіп, IV қысқы жасөспірімдер Олимпиадасының алғашқы алтын алады.

«Спорт – елдің мәртебесін биіктетіп, мемлекеттің қуаты мен өсіп келе жатқан әлеуетіне деген адамдардың сенімін нығайта түсетін маңызды фактор. Қазақстандықтар Сіздердің жеңістеріңізді мақтан тұтады. Өздеріңіз сияқты ерік-жігері мықты жас спортшылардың

еліміздің болашағы екеніне кәміл сенемін. Жеңіс жолында қолдау көрсеткен тәлімгерлер мен жаттықтырушылар ерекше алғысқа лайық. Бүгінгі бағындырған биік белестер алдағы олимпиадалардағы жетістіктердің бастауы деуге болады», – деді Олжас Бектенов.

Шаңғымен тұғырдан секіру бойынша IV қысқы жасөспірімдер Олимпиадасының жеңімпазы Илья Мизерных пен оның жаттықтырушысы Қайрат Биекеновке Алғыс хаттар табыс етілді. Сонымен қатар, шайбалы хоккей бойынша қола жүлде олжалаған Арсений Кучковский, Никита Кулаков, Темірлан Айболұлы, Матвей Решетько, Расул Тұрсынов, Жаһангер Тілеухан, Таир Бигаринов, Егор Кравченко, Роман Минчуров, Әділхан Саттар, Әнуар Ахметжанов және команданы жаттықтырушы Рамазан Қайдаровтың да еңбектері аталып өтті.

ЖЫЛ ЖЕТІСТІГІ

АЛМАТЫЛЫҚТАР БЕЛСЕНДІЛІГІ ЖОҒАРЫ

Мегаполисте ең жақсы жасақталған, талапқа сай бұқаралық спорт кешендері бар

ҚР Туризм және спорт министрлігінің кеңейтілген алқа мәжілісі өтті. Жиын барысында ведомствоның алдағы жылдарға жоспары таныстырылып, өткен жылдың жетістіктері талқыланды.

Алқа мәжілісінде бірінші болып сөз алған Ермек Маржықпаев бұқаралық спортты дамытудың маңызын атап өтті.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «бұқаралық спортты дамыту арқылы біз ұлтымыздың денсаулығын жақсартамыз, бүкіл еліміз мақтан тұтатын спорт жүлдыздарының жаңа буынын тәрбиелеп шығарамыз» деп айтқан болатын. Министрлік алдында бұқаралық спортты дамыту мен жоғары жетістіктер спортын жетілдіруде ауқымды жұмыстар тұр. Бұқаралық спорт саулығымызды нығайтуға бағытталса, үлкен жетістіктерге жетелейтін спорт – елдің оң имиджін қалыптастырады.

Осы ретте Канвондода Жасөспірімдердің қысқы Олимпиадасы өткенін білесіздер. Қазақстан құрамасы Корея жеріндегі байрақты бәсекеде ел намысын абыроймен қорғап, жанкүйерлерді тарихи жүлделерімен қуантты. Бұл ретте былтыр біз саланың стратегиялық даму бағдарын айқындап, Дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2029 жылға дейінгі тұжырымдамасын қабылдадық», – деді Ермек Маржықпаев.

Ведомство басшысы 2023 жылдың басты қорытындыларына тоқталды. Өткен жылдың нәтижесі



Алматыда спорттың 64 түрі бойынша 31 мыңнан астам бала тегін спорт секциясымен қамтылған

бойынша Қазақстан халқының 40,4%-ы спортпен айналысқан. Оның ішінде ең жоғары көрсеткіштердің бірі Алматыға тиесілі екенін айта кеткен жөн. Алматылықтардың 40,8%-ы үшін спорт өмірдің бір бөлігіне айналған. Министрлік бұл көрсеткішті 2030 жылға дейін 50%-ға дейін жеткізуді көздеп отыр.

Сондай-ақ, 2023 жылдың қорытындысы бойынша елімізде 39 484 спорт нысаны бар. Оның ішінде талаптарға сай ең жақсы жасақталған спорт кешендері Тараз қаласынан кейін Алматыда орналасқан. Алматыда барлығы 3703 спорт нысаны жұмыс істейді.

БОКС

БОКСШЫЛАРЫМЫЗҒА ОЛИМПИАДА
ЖОЛДАМАСЫ БҰЙЫРА МА?

Қазақстандық боксшылар Италияның Бусто-Арсидо қаласында өтетін әлемдік лицензиялық турнирге қатысады. Жарысқа 114 елден 668 спортшы қатысады деп жоспарланған.

Париж Олимпиадасының жолдамасына Қазақстан атынан Сәкен Бибосынов (51 келі), Махмұд Сабырхан (57 келі), Мұхаммедсабыр Базарбайұлы (63,5 келі), Асланбек Шымбергенов (71 келі), Нұрбек Оралбай (80 келі), Айбек Оралбай (92 келі) таласады. Ерлер арасында 28 жолдама үлестіріледі. Әйелдер құрамында Алуа Балқыбекова (50 келі), Жайна Шекербекова (54 келі), Римма Волосенко (60 келі), Наталья Богданова (66 келі), Ва-



лентина Хальзова (75 келі) қатысады. Әйелдерге 21 жолдама үлестіріледі. Италиядағы іріктеу турнирі 4–12 наурыз аралығында өтеді.

Айта кеткен жөн, бокстан Қазақстан еншісінде әзірге екі жолда-

ма бар. 2023 жылғы жазғы Азия ойындарында аса ауыр салмақтағы Қамшыбек Қоңқабаев пен әйелдерден 57 келідегі Карина Ибрагимова Париж Олимпиадасына баруға мүмкіндік алған еді.

ГИМНАСТИКА

ЖҮЛДЕЛІ ЖАРЫСТАР

Қазақстандық спортшы Зейнолла Идрисов Мысыр елінің астанасы Каирде өткен спорттық гимнастикадан әлем кубогында қола жүлдені жеңіп алды.

Сапты атпен жаттығудың финалында ол 14.800 ұпай жинап, турнирдің қола жүлдегері атанды. Ол

2024 жылдан бастап ересектер арасында сынға түсіп келеді. Осыған дейін Зейнолла Идрисов көркем гимнастикадан жастар арасындағы әлем чемпионатында қола жүлдегер атанған болатын.

Мысырмен қатар тағы бір сүйінші Мажарстаннан келді. Будапеште өткен көркем гимнастикадан 28-ші Gracia Fair Cup халықаралық турнирінде Қазақстан құрамасы 4 алтын, 1 күміс және 1 қола медаль жеңіп алды. Айбота Ертайқызы мен Эрика Жайлауова ел қоржынына

4 алтын медаль салды. Жекелей сында Айбота Ертайқызы доппен, лентамен және ұршықпен өнер көрсетуде дес бермей, 3 жаттығуда алтыннан алқа тақты. Ал Эрика Жайлауова шығыршық жаттығуында чемпион атанды. Кеше көпсайыста Айбота күміс (125,2 балл), Эрика қола жүлдегер (122,25 ұпай) атанған. Сондай-ақ, мұнда Ұлттық құрама гимнасты Милана Парфилова 4-ші, Зере Бақытжанқызы 6-шы, Айым Мейіржанова 7-ші сатыға тұрақтады.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

2024 жылдың ішінде Түркісіб, Медеу, Алатау аудандарында 3 дене шынықтыру-сауықтыру кешенін ашу жоспарланған.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, бұқаралық спортты дамытудың тиімді құралы мектеп жасынан егде жасқа дейінгі спорт лигаларын дамыту, оның ішінде жарыс алдында тікелей спорт командаларын құрудан тұрақты жұмыс істейтін командаларға көшу жолымен дамыту», – деді Премьер-министрдің орынбасары.

Айта кеткен жөн, Алматы қаласы Спорт басқармасының мәліметінше өткен жылы қалада барлығы 3 мыңға жуық спорттық-бұқаралық іс-шара өткізілді. Спорттың 64 түрі бойынша

31 мыңнан астам бала тегін спорт секциясымен қамтылды. Сонымен қатар, биыл спорт инфрақұрылымын құру жұмыстары жалғасады. 2024 жылдың ішінде мегаполистің Түркісіб, Медеу, Алатау аудандарында 3 дене шынықтыру-сауықтыру кешенін ашу жоспарланған. Жаңа нысандар күн сайын барлығы 2000-нан астам адамды қабылдайтын болады.

Оған қоса, 4 дене шынықтыру-сауықтыру кешені, мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған спорт орталығы, жеңіл атлетика манежі, «Медеу» БТСК жаңғырту және Орталық стадионның жобалау-сметалық құжаттамасы әзірленуде. Бұған дейін қала әкімшілігі 2030 жылға дейін жыл сайын кем дегенде 3 спорт кешенін ашу жоспарланғанын хабарлаған болатын.

Бетті әзірлеген
Досбол АТАЖАН.



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ! «Almaty aqshamy» газетіне 2024 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

Біз газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2024 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)

1 айға – 536,12 теңге, 3 айға – 1608,36 теңге, 6 айға – 3216,72 теңге, 10 айға – 5361,2 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)

1 айға – 736,12 теңге, 3 айға – 2208,36 теңге, 6 айға – 4416,72 теңге, 10 айға – 7361,2 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)

1 айға – 336,12 теңге, 3 айға – 1008,36 теңге, 6 айға – 2016,72 теңге, 10 айға – 3361,2 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Құрметті оқырмандар!

«Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде рәсімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Алматы ақшамы» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте рәсімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең. Газет **Post.kz**-пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

ЦИФРЛЫ АЛМАТЫ

МҮГЕДЕКТІКТІ ТАҒАЙЫНДАУ кезінде жемқорлыққа жол берілмейді

Алғаш рет «мүгедектік» 5 мыңнан астам алматылыққа белгіленді. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Алматы қаласы бойынша Еңбек және әлеуметтік қорғау комитеті департаменті басшысының орынбасары Римма Қасымова айтып берді.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Мүгедектікті белгілейтін Медициналық-әлеуметтік сараптама (МӨС) мүгедектікті және еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін белгілей отырып (белгілемей), дене функцияларының тұрақты бұзылуынан туындаған куәландырылатын адамның тыныс-тіршілігінің шектеулерін бағалау, сондай-ақ оның әлеуметтік қорғау іс-шараларына қажеттіліктерін айқындайды.

Медициналық-әлеуметтік сараптама куәлік берілетін адамның тұрақты тіркелген орны бойынша медициналық мекемелердің дәрігерлік-консультациялық комиссияның жолдамасы бойынша тағайындалады.

Спикер Әлеуметтік кодекс аясында 2022 жылдың қаңтарынан бастап енгізілген және медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізуді қамтитын нозологияның 22 түрінен сырттай-мүгедектікті анықтаудың проактивті форматы заңнамалық түрде бекітілгенін атап өтті.

«Мүгедектіктерді анықтау бойынша «медициналық-әлеуметтік сараптаманың» сырттай-проактивті форматы ең алдымен сыбайлас жемқорлықты және бұл процесс азаматтардың тікелей қатысуын болдырмауға бағытталған. Яғни бүкіл процесс тексерілетін адамның медициналық мекемелерінің электронды құжаттары негізінде жүзеге асырылады. МӨС-тің тәуелсіз сарапшылары азаматтар туралы деректерді көре алмайды», – дейді Р. Қасымова.

Сараптаманың бұл форматында медициналық мекемелердің дәрігерлік-консультациялық комиссиясының жұмыс сапасын ұйымдастыру маңызды рөл атқарады.

2023 жылдың қорытындысы бойынша 23 886 мемлекеттік қызмет көрсетілсе, оның 7 мыңнан астамы сырттай-проактивті форматта көрсетілген.

Алғаш рет «мүгедектік» 5 мыңнан астам адамға белгіленді, оның 2848-і – еңбек жасындағы жандар, 1115-і – зейнеттегілер, 1269-ы – бала.

Бүгінгі күні Алматы қаласында мүгедектігі бар 58 881 адам тіркелген, оның ішінде 50%-ы – еңбек жасында, 34%-ы – зейнеткерлер, ал 18 жасқа дейінгі балалар – 16 %.

Туберкулезді қалай анықтауға болады?

Туберкулез – бұл өкпе және лимфа түйіндерде ерекше қабыну өзгерістерінің пайда болуымен сипатталатын жұқпалы ауру. Бұл тек өкпе ауруы ғана емес, сонымен қатар адамның барлық ағзаларының – сүйектердің, бүйректердің, мидың және ми қабықтарының, терінің, көздің және басқа ағзалардың да зақымдануына алып келеді. Жұқтырудың негізгі көзі – туберкулездің ашық түрімен ауыратын, яғни сыртқы ортаға микробактерияны бөлетін адам.

Статистика. Қазақстан Республикасында 2023 жылдың 8 айындағы көрсеткіштерді талдау кезінде туберкулезбен сыртқаттанушылықтың 2022 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда, 1,7%-ға төмендеуі байқалады және 100 тұрғынға шыққанда 35,6-ны құрайды, сондай-ақ өлім-жітімнің 20%-ға төмендеуі байқалады, бұл 100 мың тұрғынға шаққанда 1,2-ні құрайды.

Туберкулез белгілері. Ұзақтығы екі аптадан асатын жөтел, шаршау және әлсіздік, дене салмағының төмендеуі, температураның ұзақ көтерілуі, түнде тершендік, кеуде қуысындағы ауырсыну, қан түкіру.

Туберкулездің таралуы. Туберкулез адамнан адамға ауамен таралады. Жөтелгенде, түшкіргенде немесе қақырғанда өкпе туберкулезі бар адамдар ауаға туберкулез бактерияларын жаяды. Жұқтыру үшін адамға осындай бактериялардың аз ғана мөлшерінде дем алуы жеткілікті. Туберкулез ауруына тек адамдар ғана емес, сонымен қатар малдар да шалдығады: сиыр, ешкі, бұғы, түйелер. Ауру жануардың сүті немесе еті адам үшін жұқтыру көзі болуы мүмкін.

Туберкулез ауруына ықпал ететін факторлар:
– Толыққанды тамақтанудың болмауы, туберкулезбен ауыратындармен тығыз, ұзақ қарым-қатынас жасау, маскүнемдік, темекі шегу, нашакорлық, ілеспе аурулардың болуы.

Туберкулезді қалай анықтауға болады?
– Туберкулезді уақытында анықтау, ол үшін халықты (жасөспірімдер мен ересектер) жыл сайын флюорографиялық тексеруден өткізу керек.
– Рентгенологиялық (флюорография) тексеру өкпенің зақымдалғанын;
– Қақырықты зертханалық жолмен зерттеу жөтелгенде бөлінетін микробтардың болуын анықтайды.

Туберкулездің алдын алу шаралары:
– Туберкулездің алдын алудың алғашқы және өте маңызды қадамы туберкулезге қарсы екпе болып табылады. Екпенің негізгі мақсаты туберкулез таяқшасына қарсы бала ағзасының қарсылығын жоғарылату. Осының барлығының маңыздылығын ескере отырып екпе әрбір жаңа туылған сау нәрестеге перзентханада 2-4 күн ішінде жасалады. Ата-аналар балаларына БЦЖ вакцинациясын жасаудан бас тартқан жағдайда туберкулезден баланың сақтандырылмағанын есте сақтау қажет. Туберкулезге қарсы егілген балалардың ағзасында иммунитет 6-7 жылдан кейін ғана әлсірейді. Дәл осы жаста (1-сынып) балаларға туберкулезге қарсы екінші рет екпе жасалады. Балаларға республика бойынша бір мезетте жаңа оқу жылының бірінші айында (қыркүйек) мектепте жасалады. Бұл айда мектептерде басқа екпелерді жасауға тыйым салынады.

Туберкулезге қарсы иммунитет жағдайын бақылау және балалардың ауруды алғаш жұқтырған сәтін анықтау үшін Манту сынамасы қойылады. Манту сынамасының зиянсыз екенін атап өту қажет. Туберкулинде тірі микроағзалар жоқ және салынатын мөлшерде ағзаның иммундық жүйесіне әсер етпейді. Манту сынамасы туберкулез ауруларының ошақтарында байланыста болған, 2 айдан асқан жастағы, «қауіпті топта» диспансерлік есепте тұрған балалар тексеріледі. Тері туберкулин сынамасы (Манту) адамның жұқтырғанын көрсетеді.

– Толыққанды, дәрумендерге бай тағамды тұтыну, жеткілікті және уақытылы ұйықтау, жыл мезгілдеріне қарамастан таза ауаға көп шығу қажет.
– Науқас өмір сүретін жерде санитариялық жағдайлар мен сақтық шараларын сақтау өте маңызды. Егер өкпе туберкулезімен ауыратын науқас барлық гигиеналық талаптарды сақтаса, онда ол айналасындағыларға қауіпсіз. Алайда, барлық сақтық шараларын сақтамаған жағдайда бала туберкулезді жұқтырып, ауырып қалуы мүмкін.

– Жеке тазалық ережесін сақтау: қолды, ыдысты тазартқыш құралдарын пайдалану арқылы жуу, бөлмені жиі желдету, ет пен сүт тағамдарын міндетті түрде термиялық өңдеуден өткізу, гигиеналық дербес құралдар мен ыдысты қолдану.

– Жөтел этикетін сақтау.
– Туберкулезді дер кезінде диагностикалау.
Туберкулез – бұл барлық қоғамның өзекті мәселесі, оның таралуын білетін әрбір адам өзінің білімін өмірде қолдана отырып тоқтата алады.

Туберкулезбен ауырмай, денсаулығымызды сақтау – әрқайсымыздың өз қолымызда!

А.КАРИБЖАНОВА,
Алматы бөлімшелік көліктері санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы.

Алматы қаласы Медеу аудандық Ардагерлер кеңесі аудандық Ардагерлер кеңесінің мүшесі, Ардагерлер қозғалысының белсенді қатысушысы, «Думан» шағынауданының №32 аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы
Аманкелді ШЫҢҚОЖАЕВТЫҢ
қайтыс болуына байланысты туыстары мен жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: +7 707 862 30 08 телефондары арқылы хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, жұма күндері шығады. Апталық таралымы – 18 412

Кезекші редактор – Гүлжанат СЕМБАЕВА

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.

Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53

Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортында, ал баспа нұсқасы «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

КИНОКЕҢІСТІК

ҰЛТТЫҚ КИНОСТУДИЯ жаңа 10 фильмді таныстырды

Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» ұлттық киностудиясында аты аңызға айналған актер және режиссер, қазақстандық кинематографтың негізін қалаушылардың бірі – Шәкен Кенжетайұлы Аймановтың туғанына 110 жыл толуына орай жаңа маусымның салтанатты ашылуы өтті.



Досбол АТАЖАН

«Биыл Шәкен ағамыздың 110 жылдығы. Осы мерекеге орай «Қазақфильмнің» маусымашарын жасап отырмыз. Бұл биыл бірінші рет өтіп тұр. Бірақ келесі жылдан бастап жыл сайын өткізіп отырсақ деген мақсатымыз бар. Бүгін бастау алған «кино маусымы» киножобалардың прокаттағы кезеңдік өзгерістерін көрсетіп қана қоймайды, киноөндірістегі жылдың ең күткен, маңызды туындылары көрермен назарына ұсынылатын жаңа кезеңнің басталуын білдіреді. Алдағы маусым – киноиндустрия үшін Қазақстанның кинематография өнерін өрістетудегі даму тенденцияларын, жаңа есімдер мен креативті тәсілдерді анықтайтын есеп беру кезеңі», – деді киностудия директоры Азамат Сатыбалды.

Салтанатты іс-шара барысында Қазақстанның бас ұлттық киностудиясы 2024 жылы көрерменге жол тартатын 9 киножобаны таныстырды. Киностудия директорының айтуынша, 9 кино-туындының бесеуі жеке қаражатқа серіктестердің көмегімен түсіріледі. Сондай-ақ, Азамат Сатыбалды ұлттық киностудия түсіретін фильмдердің санын жылдан-жылға арттыруға тырысатынын айтты.

9 кинофильмнің төртеуі Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының қолдауымен түсіріледі. Олар: «Шырмауық» толық метражды көркем фильмі (А.Шарғынов) және «Капитан Байтасов»



толықметражды көркем фильмі (қоюшы-режиссер Д.Қамшыбаев). Сондай-ақ, «Сонғы парыз» (режиссерлер А.Махмұтов, А.Нарымбетов) және «Здравствуй, добрый человек» (қоюшы-режиссер Т.Итенов) деректі фильмдері. Ал киностудия жеке қаражат есебінен түсіретін фильмдер – «Мама», «Сказ о розовом зайце-2», «Зейін», «Жабайы» және «Болмаған балалық шақ» толықметражды көркем фильмдері.

«Кино майталмандарды әріптес дейтін кезге жеттік. Шынымды айтсам, табақша аламын деген ойда да болған жоқ. Жазған дүниеміз үлкен экранға шығатын болса классикалық дүниеге айналады деп ойлаймын. Фильм Tiger Films компаниясымен, «Қазақфильм» киностудиясымен бірлесіп шығарылмақ. Осы ретте Азамат пен киностудия ұжымына алғыс айтқым келеді. Азаматтың қолдауымен «Болмаған балалық шақ» повесі Ғ.Мүсірепов атындағы театрда сахналанған еді. Енді міне, Астанада, Қызылорда театрларында сахналанып жатыр. Осы жылы үлкен экран арқылы қалың көпшілікке ұсынылмақ», – деді ақын Ақберен Елгезек.

WINTER RUN 2024

ҚЫСҚЫ МАРАФОН 25 ақпанда Алматыда жүтіруден мерейтойлық жарыс өтеді

Бұл іс-шара дәстүрге айналып, биыл оныншы рет өткізілгелі отыр. 2024 жылғы жарыс күнтізбелерінің шымылдығын ашатын іс-шара 29 қыркүйекке жоспарланған Almaty Marathon үлкен стартына дайындық іспетті.

Жарысқа 10 жастан бастап барлық спорт әуесқойлары қатыса алады. 15 жастан асқандар 10 км және 7 км скандинавиялық серуендеуге, 10 жастан 14 жасқа дейінгілер 3 км балалар қашықтығына жүгіреді. Жарыстың басталуы мен аяқталуы әл-Фараби даңғылындағы «Нұрлы Тау» БО-дан жоспарланған.

Мәре сызығында спортшыларға естелік медаль табыс етіледі. 3 шақырым қашықтықтағы қыздар мен ұлдар арасындағы үш жеңімпаз, сондай-ақ 10 шақырым жас санатындағы жеңімпаздар медальдармен, грамоталармен және серіктестердің сыйлықтарымен марапатталады. Әйелдер мен ерлер арасындағы 10 шақырым қашықтықтағы

абсолютті есепте жеңімпаздарға негізгі сыйлықтардан басқа, ақшалай сертификаттар беріледі.

Winter Run 2024 жарысы «Бірінші болу – батылдық» корпоративтік қоры, Krida фитнес-клубы, Академик Ш.Есенов атындағы Ғылыми-білім беру қоры және #Сен басқасың мультиспорттық YouTube-арнасы және Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырылып жатыр.

25 ақпандағы Winter Run 2024 қалалық қысқы жарысты өткізуге байланысты әл-Фараби даңғылының солтүстік жағымен Меңдіқұлов бульварынан Esentai Mall-ға дейін 07.50-ден 10.45-ке дейін, 08.30-дан 10.30-ға дейін әл-Фараби даңғылымен Esentai Mall-дан Гагарин даңғылына дейін қозғалыс жабылады. Жарысқа байланысты бірқатар бағыттардың қозғалысы сағат 6.00-ден 11.00-ге дейін уақытша өзгертіледі. Жабылатын жолдар мен қозғалыс бағыты өзгеретін көшелердің тізімін Almaty akshamy.kz сайтынан оқи аласыздар.

Қ.ЖҰМАДІЛОВА.



КӨҢІЛ КҮНДЕЛІГІ

Негізі өмір ғажап құбылыс қой. Қызығы мен шыжығы қатар жүреді. Кейде көңілің көтеріңкі болады, кейде түңіліп кете жаздайсың. Бірақ мұңайдым екен деп, езіле беруге тағы болмас. Өйткені, өмір атты машина тоқтаусыз жүріп жатады. Біз өзімізге жақын жандарды бағалай бермейді екенбіз. Әйтеуір кү тіршілікпен күн кешеміз. Таңнан кешке дейін жұмыстамыз. Қаланың кептелісінен шаршап, үйге жетіп жығыламыз. Үй демекші, үйден гөрі сыртта көп жүреміз. Сондықтан шаңырақта не болып жатқандығын елей бермейміз. Ал шын мәнінде нағыз сізге жанашыр солар емес пе?!



Олжас ЖОЛДЫБАЙ

Ата-ана

Ауылдан алыстап қалаға аттандық. Кейбірі шетел асқан болар. Басты бағыт – оқу, жұмыс істеу, аяққа тұру. Сөйтіп жүріп талай уақытты жіберіп алатын сияқтымыз. Олар туған жерде, біз сырт жақтамыз. Арамызды сан мыңдаған шақырым бөліп тұр. Кей-кейде тарығып кеткенде ойға оралады. Бір барып, мауқыңды басып, көріп, құшақтап, еркелеп келгің-ақ келеді. Алайда,

БАРЫҢДЫ БАҒАЛАЙ БІЛ!

қол қысқа, уақыт мүмкіндік бере бермейді. Дегенмен, шын ниеттенген адам бір жолын табағын болар.

Ата-ана дүниеге алып келді. Қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай өсірді. Мәпеледі, жұмсады, өмірге тәрбиеледі. Зер салсақ, сол кісілердің шаңырағында жүргенде тұрмысты ойламаппыз. Тегін тамақ, жылы үй, аялы алақан. Соған рахаттанып жүре беріппіз. Бала болған соң дәп уақытында ондайға ой жібермейсіз. Ал есейе келе тағдыр өзінің жолын дайындап тұрады.

Қазақта «ата-ананың қадірін балалы болғанда білерсің» дейді. Әлі үйлене қоймадық. Уақыты келгенде оны да көрерміз. Іштей өзімізді үлкен өмірге дайындап қоямыз кейде. Айтпағымыз, қияндағы әке-шешенің жақсылығы көп өтіпті. Ең басты барымыз, нарымыз сол жандар екен ғой.

Ағайын-туыс, бауырлар

Халқымыз «ағайын бір барда, бір жоқта» деген еді. Осы сөздің мағынасы терең. Сондықтан бірге туған бауырдың орны бөлек. Ағайын жекжаттың жөні ерекше.

Баяғыда ағамыз барлық бауырларына қамқор, тумаластарға жақын болатын. Үнемі аралас-құралас болып жүретін. Барлық бала-шағаны жақындастыруға тырысатын. Әйтеуір араны үзбеге ниетті-тұғын. Соның арқасында кімнің қандай туыс екендігін біліп, көріп қалдық. Ол кісінің неге олай еткендігін енді ұғып келеміз.

Осы күні ауылға жол түссе, аға-әпкелердің үйіне бас сұғамыз. Бір шәйін

ішіп, іні-қарындастарды бір ііскеп, ойнатып, еркелетіп қоямыз. Бұл біздің алдыңғы буыннан көрген әдетіміз. Демек, ағайындар арасындағы қарым-қатынас туыстықтан басталатын көрінеді. Сондықтан өзің жақсы болсаң, жан-жағың нұрлана түседі деген сөз бекер емес-ті.

Дос-жаран

Дос деген қасиетті жан ғой. Ішіндегі сырынды, көңіліндегі жырынды айтасыз. Бір шер тарқасып, сергіп қаласыз. Шынайы досқа жету үшін де біраз талпыну керек сияқты. Өзің ұмтылып, жұртпен жолдас болуға тырысқаныңыз өзіңізге жақсы екен.

Біздің ең тәтті шағымыз – бала кез. Кішкентайдан бірге болып, бір ауылдың құмына аунап өскендер естен кете қоймайды. Туған ауылдан автобус алшақтатып жыраққа әкетсе де, бірге өскен достар көңілден шықпайды. Әсіресе, сыныптастармен өткен шақтар жадымызда жаңғырып тұр.

Бірін-бірі қалада тапқандар, оқу, жұмыс бабында кездескендер жолдан қосылғандар деп білеміз. Бәлкім, қазақтың жолдас дегені тегін болмаса керек-ті. Осы тілек айтылғанда «үйіңнің айналасын таспен қоршама, доспен қорша» дейді. Сондай жағымды тілек. Осыдан артық жарытып айта алмаспыз. Жанымыздағы жақын досымызды бағалай білген дұрыс!

Сүйгенің...

Ғашықтардың «сүйген сұлу...» деп келетін қанатты сөзі сондай керемет. Жүректі жылытатын сөздерді жақынымызға жиі

айтқан жөн көрінеді. Себебі, жылы сөз жүректі жылытады деседі.

Өмірде бір-бірінді сүйіп қосылған қандай жақсы. Хакім Абай «ғашықтың тілі тілсіз тіл, көзбен көр де, ішпен біл» депті. Әсем өлеңді өрнектеп айта беруге болады. Ғұмырда сезімі жоқ адамдар бар. Суық жүзді, көзінде оты жоқ пенделерге таңданамыз. Жүректің әміріне құлақ тұру лазым. Әйтпесе, барыңды бағалай алмайсыз.

Негізі әр сәтке қуана білу қажет қой. Алайда, махаббатты бағалай алсақ, кез келген қиыншылық өздігінен түгесілетін шығар. Мұның арты өзара түсінуділікке ұласса, нұр үстіне нұр. Жаһандану жар бермей тұрған шақта, шын сүйгендер қосылып, қатып қалған жүректердің мұзы ерісін. Ғашықтардың махаббаты мәңгі болғай. Шын сүйгендер қосылсын. Жанұяда жылу жоғалмасын. Сонда адамзат ғұмыры тіпті нұрлана түсетін шығар.

P.S. Байқасақ, жақсы адамдар жанымызда жүр. Бірақ керек жандарға көңіл бөле бермейміз. Бұл біздің кемшілігіміз. Сол себепті, өмірді мәнді-сәнді сүруге құштарланайық. Өмір бір-ақ рет... Екінші ғұмыр берілсе мүмкін бұлай сұрмес пе едік. Кім білсін! Қолымыздағы барымызды бағалай білейікші...